Delphi – бағдарлама интерфейсін жылдам құруға мүмкіндік беретіндік беретіндей, көзбен көріп бағалап отырып бағдарлама құруға арналған. Оны қарап отырып монитор экранында ақпараттың дұрыс орналасуын, жобалау барысында қателіктер болмауын бақылайды.

Delphi бағдарламасын құру объективті-бағытталған технологияға негізделеді. Объективті-бағытталған бағдарлама – біздің заманымызда күрделі және өте күрделі емес бағдарлама мен жүйелер құруға ең дұрыс жол.

Windows бағдарламасын ашқан кезде экранда көптеген ұяшықтар, редакторлық ұяшықтар, мәзірлер пайда болды. Мұның бәрі-объектілер. Олар өз бетінше ешқандай әрекет жасамайды. Тек тұтынушы батырмамен немесе тышқанның батырмасы арқылы осы объектілерге әсер етіп оларды іске қостырады.

Объектілерді екі әдіспен бағдарламаға қосуға болады: сәйкес операторларды қолмен қосу, және компоненттерді қолданумен визуалды бағдарламалау арқылы қосу.

Визуалды бағдарламалау тұтынушылық интерфейс жобалауларын қарапайым жұмыс етті. Delphi-де олбылай болады:

Delphi-дің интеграцияланған өңдеу ортасы өңдеушіге компоненттер орналасқан форма береді. Бұл формаға компоненттердің пиктограммалары орналастырылады. Компоненттердің өлшемін жай қозғалыспен өзгертуге болады.

Жобалау кезінде өңдеуші әруақыт өзінің нәтижесін көріп отырады. Визуалды бағдарламалаудың ең негізгі жобалау кезінде Delphi компоненттері автоматты түрде бағдарлама кодын қалыптастырады.

Delphi-дің негізгі есептерінің бірі дерек қормен жұмыс істеуде қосымшалар құру. Бұл салада Delphi алдыңғы орындардың бірін алады.

Компьютерлер локальді есептеуіш желісіне Ethernet желісінің принципі арқылы біріккен. Бұл бірігу QnetEthernet желілік картасын барлық компьютерге орнатқаннан кейін мүмкін болды.

Ethernet ең қолайлы, белгілі және әйгілі желілік технологиялардың бірі болып табылады.

Ethernet-ің жақсы жақтары мен жетіспеушіліктері.

Ethernet-ің жақсы жақтары өте көп: ол тұрақты және сенімді, қымбат емес конфигурацияларды кең көлемде таңдауға мүмкіндік береді. Жетіспеушілігіне өте төмен жылдамдықпен жұмыс істеуін жатқызуға болады.

Ethernet кабельдік қосулардың негізгі түрлерімен жұмыс істей алады, сонымен қатар “жұлдызша” және “шина” топологияларымен де.

Кабельдік қосулардың негізгі түрлері волоконно – оптикалық кабель, коаксиальдік кабель (жіңішке және жуан) және витая пара болып табылады. Windows NT және Novel NetWare желілік операциялық жүйелері Ethernet желісінің негізгі бағдарламасы болып табылады. Желінің максималды ұзындығы RG-58 A/V қолданғанда 500м немесе AWG 22-26 витая пара сымы. Qnet желілік картасы барлық 16 – разрядты IBM PC/AT 386/486 машиналарымен жұмыс істейді.

Корпоративті желі бірнеше локальді желілерді бір бірімен байланыстыру, яғни бірнеше локальді желілер корпоративті желілерді құрайды. Корпоративті желі құру үшін оларға арналған құрылғылар қажет. Ол

құрылғылар коммутатор, маршрутизатор сияқты құрылғылар арқылы жүзеге асады.

Жалпы жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету – бұл ұйымның шығару процесіне қатысты және ақпаратты қайта өңдеуде жиі кездесетін есептерді шешу, кең ауқымды пайдаланушыларға есептелген және бағдарлама жиынтығын ұсынатын бағдарламалық қамтамасыз ету бөлігі. Бұған операцияндық жүйелер, кестелік процессорлар, бағдарлама генераторлары, графикалық және мәтіндік редакторлар, ҚПП, МББЖ және т.б. жатады.

Операцияндық жүйелер барлық басқару шығару жүйелерінің қорларына жауап береді. Бірақ жүйелік қамтамасыз етудің бірнеше аспектілері бар, шығару жүйелерінің типімен сәйкес болмайды. Операцияндық жүйе персоналды компьютердегі аппарат құрал оболочкасының ең төменгі деңгейдегі дәрежесін құрайды.

Персоналды компьютердің әр түрлі модельдері мүмкіншілігі және архитектурасы әр түрлі операцияндық жүйелер қолданылады. Оларды сақтауға және жұмыс істетуге әр түрлі оперативті жадының қорлары қажет. Бағдарламаны өңдеуге және оны құруға берілген пайдаланушылар сервисі бірдей болмайды. Операциялық жүйе түйіні әдетте сервистік бағдарламалардың жиналуымен қосылады. Осы бағдарламалардың көмегімен сыртқы құрылғылардың параметрлерін орнату, оперативті жадыны тестілеу және т.б. болып табылады. Операцияндық жүйе аппарат құралдарын қосады және персоналды компьютердің бір бөлігі болып табылады.

Бұл ОЖ өзіне енгізілген мультимедиа құралдары, енгізілген тасымал компьютерлері және енгізілген электрондық почтасы бар. Windows-98 ОЖ Microsoft фирмасының Microsoft Office деп аталына-тын программа пакеттері құрылған. Бұл пакеттерге келесі программалар кіреді:

- Microsoft Word – 2000 XP Professional мәтіндік редакторы;
- Microsoft Excel – 2000 XP Professional электрондық таблицасы;
- Microsoft PowerPoint – 2000XP Professional презентациялық редакторы;
- Microsoft Access – 2000 XP Professional мәліметтер базасын басқару жүйесі.

Сонымен қатар Windows – 98 құрамына қызмет бағдарламалары мен пайдалы қосымшалар жатады. Windows – 98 қолданғанда аппарат бөліміне қойылатын талаптар:

- 486DX процессоры немесе одан жоғары;
- 16Мб кем болмайтын оперативті жады;
- VGA видеоадаптері.

Delphi – программалық тіл ретінде қолданатын ақпаратты жылдам өңдеу ортасы. Borland Delphi 7 Studio операциялық жүйе таңдамайды. Windows 98-ден Windows XP-ға дейін жұмыс істей алады.

Визуалды объектілі-бағытталған бағдарламалаудың негізінде жылдам қолданба құру атты технология құрылды, ағылшынша RAD – Rapid

Application Development. Бұл технология Delphi және басқалар қатысатын бағдарламалау жүйесінің жаңа буынына тән технология.

Delphi - өте үлкен, көп функционалды жүйе, жылдам қолданба құру даму ортасының келесі қадамы. Ол бағдарламалаушының тиімділігі жоғары жұмысын қамтамасыз ететін күрделі механизм.

Delphi – Windows операциялық жүйесінде жұмыс істеуге бағытталған бағдарлама құру ортасы. Delphi-дегі бағдарлама қазіргі көркемдік жобалау технологиясының негізінде құрылады, ал олар өз кезегінде объектілі-бағытталған бағдарламалау идеясына сүйенеді (2-ші бөлімді қараңыздар). Delphi-дегі бағдарлама Object Pascal тілінде жазылады, ол Turbo Pascal тілінің қабылдаушы мен дамушысы болып табылады. Turbo Pascal бағдарламалау тілі мен ол қолданылатын біратты интегралдық құру ортасы кезінде бағдарламалық өнімді құру құралы, соның ішінде бағдарламалауды оқып-үйренетін құрал негізінде кеңінен танымал болған. Бұл танымалдық тілдің қарапайымдылығы, жоғары сапалы компилятор және қолайлы құру ортасына байланысты. Бірақ бағдарламалық технологиялар бір орында тұрмай ары қарай дамиды, сондықтан Borland фирмасы (1998 жылдың сәуір айынан бастап Inprise Corporation) тағы бір жаңалық ашады: Turbo Pascal тілінің орнына Object Pascal тілі келеді, ол объектілі – бағытталған бағдарламалау концепциясына сүйенеді. Object Pascal-да Delphi қолданбасын құру бағдары құрушының мүмкіндіктерін кемітпейді. Delphi қолданбасы басқа тілдердегі зерттемені қолдана алады, бұған C++ және ассемблер тілдерін қосуға болады. Жеке алып қарағанда, Delphi-ге ең жақын тілдердің бірі C++ Builder. Бұлда Borland фирмасы өнімдерінің бірі. Ол сырт пішіні және кітапхана құрамы жағынан Delphi-ге өте ұқсас келеді, бірақ ол C++ тілінде қолданылады. Delphi және C++ Builder жүйелерінің әрқайсысын басқа жүйеде құрылған көрініс ретінде қолдануға болады. Сондықтан Object Pascal және C++ тілдірінің өзара әрекеттері ешқандай қиындықтар туғызбайды.

Delphi және Object Pascal көп жылғы эволюцияның нәтижесі болып саналады, сондықтан бүгінгі таңда олар қазіргі компьютерлік технологияның өнімі болып табылады. Жеке тұрғыдан алғанда оны былай айтуға болады, Delphi-дің көмегімен бағдарламаның әртүрлі типін – консольді қосымшалардан бастап, деректер базасы мен Internet-те жұмыс істейтін бағдарлама құруға болады.

Delphi бағдарлама құратын және жаңа бағдарламаны даярлайтын бағдарлама құру әдістерінен, сондай-ақ құрауыштар кітапханасынан тұрады. Delphi бағдарламасы – бұл өзара байланысқан бірнеше файлдар. Кез келген бағдарлама жоба файлы (мұндай файл .dpr кеңейткішінен тұрады) және бір немесе бірнеше модульден тұрады (.pas кеңейткіші бар файлдар). Жоба файлы бағдарламаның жинақтаушы бөлігі болып табылады, ол өте үлкен емес және Delphi бағдарламалау жүйесінде автоматты түрде қалыптасады.

Класс – берілгендер мен оларға әрекет жасайтын арнайы тип. Ол өріс, әдіс және қасиеттерден тұрады. Кластың данасы болып объект табылады.

Объект – белгілі тапсырманы орындауға арналған, екілік бағдарламалық кодтың автономды бөлігі болып саналады. Объектінің барлық құрауыштары объект болып табылады, бірақ керісінше емес.

Құрауыш – Delphi-дің стандартты класы, Delphi ортасында көрнекілік бағдарламаны іске асыруға арналған. Құрауыш болып меню, батырмалар, стандартты диалогтар (мысалы, қаріпті таңдау, файлды сақтау), енгізу терезесі және редактірлеу терезесі және т.б. табылады. Құрауыштар өріс, әдіс және қасиеттерден тұрады. Қолданушының құрауыштармен жұмысы, оны негізгі терезедегі Құрауыштар палитрасынан таңдап және пішіннің терезесіне орналастырып, олардың қасиеттері мен мазмұнына қарай белгілі оқиғаға ықпалын икемдеу болып табылады. Delphi құрауыштары қолданушымен жылдам қарым – қатынас жасау үшін қолданылады.

Құрауыштар қасиеті – белгілі объекті берілгенде немесе өзгергенде автоматты түрде оның атрибутын өзгертетін құрауыштың өрісі. Құрауыштың функциясын (атқаратын міндетін) анықтайды.

Құрауыштың оқиғасы – құрауыштың қолданушы немесе операциялық жүйемен әрекеттесуінің нәтижесінде пайда болады. Әрбір құрауыш стандартты оқиғалардың жиынынан тұрады.

Құрауыш хабарламаны өңдеу әдісінен тұрады, олардың әрқайсысы құрауыштың белгілі оқиғаға ықпалын анықтайды (пернені басу немесе тышқанды жылжыту).

Оқиғаны өңдеу деп – өрбіген оқиғаға жауап ретінде белсенділік танытатын қосымшаның код бөлімін айтамыз.

Құрауыш пішінге немесе басқа құрауышқа тиісті болуы мүмкін.

Windows терезесінің қасиеттеріне ие және біркелкі функционалдық тағайындалумен байланысқан, құрауыштарды орналастыруға негіз болатын көрнекілік құрауышты айтамыз.


Қосымшаның пішіні қолданушылық интерфейстің негізі болып саналады. Қосымшада бірнеше пішін болуы мүмкін.

Пішін туралы ақпарат екі типті файлда сақталады: - .dfm және - .pas, файлдың бірінші типі (пішіннің файлы) – екілік – пішіннің кескінін және қасиеттерін сақтайды, екінші тип (пішіннің модулі) сіздің қосымшаңыздың функциясын іске асыратын кодтардан тұрады және пішін мен оның құрауыштары үшін оқиғаларды өңдеуді қарастырады. Екі файл да автоматты түрде Delphi – де синхрондалады. Әрбір пішінге өзінің модулі сәйкес келеді.

Бағдарламаның сыртқы құрылымы Delphi - дің көмегімен құрылған бағдарламаның құрылымы дәстүрлі бағдарламаның құрылымынан өзгешелеу болады, ол өз кезегінде мұндай бағдарламаларды құрудың ерекшеліктерін шартты түрде көрсетеді. Мұндай бағдарламаны екі бөлімнен тұрады деп көрсетуге болады: интерфейс – бағдарламаның бөлімі, ол бағдарламаға ақпаратты енгізуге және оны шығаруға, сонымен бірге тікелей тапсырманы шешуге арналған операторларды тағайындауға арналған (есептеу, ақпараттың түрленуі және т.б.). Бағдарлама өз жұмысында операциялық жүйе, әртүрлі сыртқы құрылғылар, деректер базасы, басқа бағдарлама және т.б.

әрекеттеседі. Сондықтан бағдарламаның соған қатысты сыртқы құрауыштармен әрекеттесу құрылымын (2.1-сурет) көрсетілгендей түрде көруге болады.

Интерфейс бұл объектілердің жиынтығы, оның көмегімен ақпаратты белгілі бағытқа жіберу асырылады, - пішін, қарым – қатынас терезелері, басқару элементтері және т.б. Көптеген жағдайларда таңдап алынған интерфейс барлық бағдарламаның құрылымын анықтайды.



2.1-сурет – Бағдарламаның сыртқы құрылғылармен әрекеттесуі

Объектілер бағдарламада жеткілікті түрде автономды болғандықтан, олардың арасында ақпаратты жіберу, сонымен бірге бағдарлама мен операциялық жүйе, бағдарлама мен сыртқы құрылғылар т.б. арасында ақпаратты беру үшін хабарлама жүйесі қолданылады.

Мұндай бағдарламаның жұмысы да өз сипатында. Әдетте ол іске қосылғаннан кейін келесі хабарламаны күту режимінде тұрады. Хабарлама пайда болғанда бағдарлама оған талдау жасайды, қандай әрекет жасау керек екенін анықтайды, одан кейін сол әрекетті орындап, келесі хабарламаны күтеді. Әртүрлі хабарлама пайда болғаннан кейін бағдарлама шарт бойынша әртүрлі әрекет жасайды, барлық орындалатын операторлар бағыныңқы бағдарламалардың жиынтығын береді, олар әртүрлі объектінің әдістері ретінде бекітіледі (хабарламаны және оқиғаны өңдеу әдістерін қоса алады), немесе өздік бағыныңқы бағдарлама. Нақтылы түрде әртүрлі операциялық

жүйелер және оларды баптау, олар белгілі командаларды күтеді, содан кейін оларды өңдеуге кіріседі.

Объект (TApplication класының) болып бағдарламаның өзі саналады. Шынында бұл объектіні программист өзі құрмайды, ол Delphi ортасында автоматты түрде құрылады, бірақ бағдарлама құру кезінде оның әдістері мен қасиеттерін қолдануға болады.

2.2 Объектілердің классификациясы

Жобаны жоғарыда айтылғандай нақты тағайындалуы анықталған жеке объектілердің жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Бұл объектілерді ортақ қасиеттері бар кластарға біріктіруге болады. Мұндай кластардың құрылымы қиынырақ болып келеді, сондықтан оны түгелдей көру үшін Browser бағдарлама элементтерін көру терезесінің көмегімен көруге болады.

Жобада қолданылатын негізгі объект болып қосымша, пішін және құрауыш табылады.

Қосымша келіп түскен хабарламаны өңдеу циклін ұйымдастыратын жобаның негізгі байланыс объектісін көрсетеді.

Пішін интерфейстік элементті көрсетеді, оның арқасында қосымшалар мен сыртқы құрылғылар арасында ақпарат алмасу үрдісі жүреді. Пішін қосымшада орналасады, ал қосымша бір немесе бірнеше пішіннен тұруы мүмкін.

Құрауыштар пішінге орналастырылады және ақпаратты алу, түрлендіру және бейнелеу үшін операцияларды орындауға қатысты объектілерді сипаттайды. Олардың классификациясы қиындау, сондықтан жиі қолданылатын құрауыштар тобын қарастырайық. Пішін құрауыштардың кез келген санынан тұра алады.


Құрылымдық түрде жоғарыда көрсетілген құрауыштардың бәрі TComponent (Құрауыш) класына, объект жобасында қолданылатын жалпы және көп санды топтарға қарайды. Нақты түрде бұнда тек файлдармен жұмыс істеу, графикалық әдістер, әртүрлі тізімдер мен ағындар және басқа объектілер қатары ғана кірмейді. Қосымша меншік TApplication (Қосымша) класын қалыптастырады, ол тікелей TComponent класының ұрпағы болып саналады. Мұнда жобаның құрылымын ұйыдастыру үшін қолданылатын тек маңызды кластарды ғана қарастырамыз (2.2-сурет).

Кластың басқа элементтері пішіннің өзін қоса алғанда айтарлықтай қиынырақ құрылымды жасайды. Ең алдымен бұл элементтерді екі топқа бөлуге болады:

– TControl (Басқару) класын қалыптастыратын басқару элементтері. Басқару элементтері (TControl класының ұрпақтары болып келген құрауыштар), қолданушымен қарым – қатынасты жүзеге асыратын экранда бейнеленетін құрауыштар (көрнекілік құрауыштар);

– бағдарламада қолданушы шарт бойынша оларды басқара алады (пернетақтаның көмегімен ақпаратты енгізу, оларға тышқанның көмегімен әсер ету және т.б.). Олар экранда қосымша орындалғанда бейнеленеді;

– экранда бейнеленбейтін элементтер (бейнеленбейтін немесе көрнекілік емес құрауыштар). Олар жүйелік ресурстарға қатынауға жауап береді: драйвер, деректер базасы, таймер, меню, әртүрлі қиын объектілер, стандартты диалог терезелеріне ұқсас және т.б. Құру кезінде көрнекілік емес құрауыштар пиктограмма түрінде бейнеленеді, ал қосымшаны орындағанда ереже бойынша көрінбейді.



2.2-сурет – Жобаның құрылымдық құрауыштарының классификациясы

Басқару элементтерін өз кезегінде екі үлкен кластарға бөлуге болады және олардың арасында принциптік айырмашылық бар:

– терезелік басқару элементтерінің класы TWinControl (Терезелік басқару элементі);

– терезелік басқару элементі (TForm, TButton, TEdit, TMemo, TPanel, TGroupBox және т.б. кластардың құрауыштары) терезелік функциялардан

(немесе процедуралар) тұрады, олардың арқасында ол келіп түскен ақпаратқа ықпал етеді және экранда активтенеді;

– графикалық басқару элементтерінің класы TGraphicControl (Графикалық басқару элементі);

– графикалық басқару элементі (TImage класының құрауышы – кескін, TPaintBox - сурет салуға арналған панель, TShape – геометриялық фигура, TCustomLabel – белгінің тегі) мұндай функцияны басқармайды, тек экранға ақпаратты ғана шығарады, олар тышқан арқылы берілетін хабарламадан басқа белгілі қимылға ықпалын тигізе алмайды. Жеке жағдайларда пішін терезелік басқару элементіне жатады.

Жобаның құрылымдық элементтерінің әрекеттесуі Жанұя деп өзінің ұрпақтарымен қоса алғандағы класты айтамыз.

TComponent жанұясының әрбір объектісінің Owner қасиеті бар: TComponent (Иесі), берілген объекті орналасқан объектіге нұсқағыш.

Негізгі объект деп - басқа объект орналасатын объектіні айтамыз.

Көмекші объект деп – орналасатын объектіні айтамыз, property ComponentCount: Integer – тек оқу үшін. Негізгі объектінің көмекші құрауыштарының санын береді (ағымды құрауыштың). Property Components[Index: Integer]: TComponent – тек оқу үшін. Ағымды құрауыштың көмекші құрауыштарының тізімінен тұрады. Құрауыштарды нөмірлеу нөлден басталады.

TControl жанұясының құрауыштарын пішінге екі түрлі жолмен орналастыруға болады:

– тікелей пішінге;

– TWinControl жанұясының қосымша топталған бір құрауышына (TGroupBox – тақырыбы бар панель, TPanel – панель, TTabControl – бетбелгі және т.б.).

TControl жанұясының әрбір құрауышында Parent қасиеті бар: TWinControl (Аталық), онда үлкен құрауышқа нұсқағыш беріледі.

Үлкен құрауыш – тікелей берілген құрауыш орналастырылған құрауыштың өзі.

Кіші құрауыш – орналасатын құрауыш.

Бейнеленбейтін құрауыштарда Parent қасиеті болмайды.

Пішіннің үлкен құрауышы жоқ (Parent = nil).

Delphi- Windows жүйесінде жұмыс істеуге арналған бағдарламалаудың көрнекілік тілі. Оның қосымшасы, яғни Delphi ортасында құрылған бағдарлама да Windows жүйесіне арналған.

Delphi ортасында бағдарламалау объектілі-бағытталған технологияға сүйенеді. Бағдарламалаудың базалық тілі ретінде Object Pascal тілі таңдап алынған.

Delphi ортасында бағдарлама құру жұмысының көп бөлігі құрауыштарды таңдау, оларды тышқанның көмегімен экранға орналастыру және осы құрауыштардың қасиеттерін анықтауға кетеді. Құрауыштар - «құрылысшы блоктар» деп саналады, олардан Delphi ортасының

қосымшалары құрылады. Олар өз кезегінде көрінетін болуы мүмкін, олар қолданбалы интерфейстің бөліктері (айналдыру жолағы, басқару батырмалары, меню т.б.), сонымен бірге көрінбейтінде болуы мүмкін-таймер, деректер базасы [8].

Құрал-саймандар панелі 2.3-суретте көрсетілгендей, негізгі менюде жиі қолданылатын командаларды жылдам орындауға мүмкіндік береді.

Құрал – саймандар панелінің батырмалары:

Жоғарғы сол жақтағы екі батырма Windows ортасының басқа қосымшаларынан белгілі файлды ашуға (Open) және файлды сақтауға (Save) тағайындалған.



Файл жобасын ашу (Open Project) және файл жобасын сақтауға (Save Project As...).

Файлды жобаға қосу (Add file to project) және файлды жобадан жою (Remove file from project).

New Items диалогтық терезесін ашады. Ол алдын – ала даярланған элементтер жиынынан тұрады және сіздер ол элементтерді өздеріңіздің жасап жатқан қосымшаларыңызға қолдана аласыздар.

Тізімнен модульді таңдау (View Unit).

Ағымды жобадағы пішіннің тізімін шақыру (View Form). Сіз пішінді таңдаған кезде ол активтенеді, ал онымен байланысты модуль Кодтар редакторында активтенеді.

Бағдарламаның орындалуы (Run).

Бағдарламаның орындалуын тоқтату (Pause).

Пішіннің өзіне сәйкес бағдарламаның кодында жазылған модульге ауыстырып қосу және керісінше (Toggle Form / Unit).

Пішіннің жобаға қосылуы (New).

Бағдарламаны жөндегенде оның қадаммен орындалуын қамтамасыз ететін батырмалар (Trace into, Step over).

2.3-сурет – Құрал-саймандар панелі

Кейбір батырмалар мен терминдердің не үшін тағайындалғаны Delphi ортасымен жан – жақты танысқанда меңгеріледі.

Осы батырмалардың біреуіне біраз уақыт тышқанның курсорын апарып қоя тұрсақ, онда көмек өрісінде анықтама жолы пайда болады, онда берілген батырманы таңдап алғанда қандай әрекет орындалатыны жазылады.

Құрауыштар палитрасы - пішінге қосуға болатын көптеген объектілер жиынтығынан тұрады. Delphi ортасында қосымшаны құруға осы құрауыштар қолданылады. Олардың әрқайсысы үшін орындауға болатын бағыныңқы бағдарлама немесе Windows интерфейсінің элементі белгіленген. Құрауыштар ортақ қасиеттері бар топтарға біріктірілген (Standard, Additional және т.б.), олардың әрқайсысы өздеріне сәйкес бетбелгіге тышқанның көмегімен шерткенде шақырылады.

Құрауыштар палитрасының кейбір парақтарын қарастырайық. Standard – Windows-де қосымшасы бар стандартты басқару элементтерін жүзеге асыратын құрауыштар жиынынан тұрады. (батырмалар, тізімдер және т.б.). Additional – қосымша басқару элементтері (графиктер мен диаграммаларды салуға арналған құрауыштар, графикалық көріністерді бейнелеу және т.б.). Data Access – деректер базасына қатынауды жүзеге асыратын арнайы құрауыштар жиынынан тұрады. Data Controls – қолданушымен қарым – қатынас орнататын көрнекілік құрауыштардан тұрады және деректер базасы үшін берілгендерді басқару үрдісін орындайды. Dialogs – стандартты қарым - қатынас құратын құрауыштар (қаріпті таңдау, файлдармен операциялар жасау және т.б.). System – операциялық жүйемен қарым – қатынасты орнататын құрал. VBX – Visual Basic стиліндегі құрауыш. Бетбелгіде жазылған сөздерді оқыңыздар және сөздердің мағынасын аударыңыздар. Әрбір топты шақырыңыздар, көмек кеңесін қолдану арқылы әрбір құрауышты қараңыздар.

Бұл құрауыштардың көбі сіздердің алда құратын бағдарламаларыңызда қолданылады [9].

Жоба диспетчері - жобаға кіретін пішіндер мен модульдердің аттарын көруге, жобаға пішіндер мен модульдерді қосуға, жобадан жоюға және т.б. орындауға мүмкіндік береді.

Диалог терезесінде келесі бағандар бар:

- Unit – жоба модульдері;
- Form – жоба пішіндері;
- Path – модульдерге жол;
- қарым – қатынас терезесіндегі батырмалар;
- Add – файлды жобаға қосу;
- Remove – файлды жобадан жою;
- View unit –модульді көру;
- View form – пішінді көру;
- Options – жоба параметрлері.

Код редакторы бағдарлама кодынан тұрады, олар бағдарлама кодын құруға және редакциялауға тағайындалған. Код редакторының ағымды менюінің командаларын қарастырайық.

Open File at Cursor – атына тышқанның көрсеткіші орналасқан файлды ашады

Browse Symbol at Cursor – терезедегі кез – келген модульді, объектіні және айнымалыны көруге мүмкіндік береді

Toggle Breakpoint – тоқтату нүктесін тағайындайды
Run to Cursor – қосымшаны тышқанның көрсеткішіне дейін орындайды
Debug – Evaluate/Modify – айнималыны өзгерту және көру үшін қарым – қатынас терезесін ашады

Debug – Add Watch to Cursor – айнималыларды бағдарламаның орындалуы барысында көру үшін қосады

Read Only – файлда мәтінді редакциялауға тиым салады.

2.3 Delphi – дің мәліметтер қорымен байланысы

Қазіргі кезде ЭЕМ кең тараған кезде құжаттарды электронды түрде өңдеу актуальды мәселелердің бірі. Құжаттармен жұмысты ЭЕМ-де жүргізудің бірнеше артықшылықтары бар:

– құжаттардың құрылымын оңай өзгерту, өшіру, енгізу, қажет жазбаларды іздеудің қолайлылығы;

– клиент –сервер технологиясы арқасында мәліметтер құжатын жергілікті және алыстан басқару мүмкін болады.

Қосымша Delphi ортасында BDE көмегімен құрылған кестелер жиынымен жұмыс жасауға арналған. Жергілікті қашықтықтан басқарылатын мәліметтер қорын құруға арналған бірнеше орталар бар. Олар Access, Oracle, dBase, т.б.

Мәліметтер қоры - (біз реляциялық мәліметтер қоры туралы айтамыз) бұл кестелер жиыны деп айтуға болады, сонымен қатар мәліметтер қорына процедуралар және басқа да объектілер кіретінін көреміз.

Кестені қарапайым екі өлшемді кесте ретінде қарауға болады. Кестенің аты болады, ол- идентификатор, сол арқылы онымен байланыс орнатамыз. Бағандар әр-түрлі мінездемелерге сәйкес келеді және әрбір алаң сақталатын мәннің типімен және атымен сипатталады. Алаң аты- ол идентификатор және ол әр түрлі программаларда манипуляция жасау үшін қолданылады. Мұның аты латын әріптерімен жазылады да, алаң типі алаңда сақталатын мәннің типімен сәйкес келеді және ол әріптер, сандар, булевті мәндер, үлкен тексттер, суреттер т.б болуы мүмкін. Кестенің әрбір жолы бір объектіге сәйкес келеді және оны біз жазба деп айтамыз. Кестені құрғанда ақпарат қарама-қайшылыққа ұшырамас үшін кілт алаңын кіргіземіз, ол алаңның уникальдылығын қамтамасыз етеді. Алаң мәндерін қолданушы енгізеді, ол мәліметтер қорында сақталады және мұндай алаңдардан басқа есептеуші алаңдарды да енгізуге болады. Мұндай алаңдарға қолданушы мән енгізе алмайды, ал оның мәні басқа алаңдардың көмегімен есептеледі. Қолданушы кестемен жұмыс істегенде көрсеткіш жазба бойымен сырғып отырған секілді әсер береді. Әрбір уақыт кезінде бір жазбамен жұмыс істеледі. Жазбалар белгілі бір ретпен орналасуы да мүмкін, реттеу үшін индекс түсінігі енеді. Индекс қолданушыға қандай ретпен орналасу керектігін көрсетеді. Ол қолданушы мен кесте арасындағы делдал ретінде болады. Көрсеткіш индекспен сырғып отырады, ал индекс белгілі бір жазбаны көрсетеді.

Қолданушы үшін кесте реттелген болып көрінеді, сонымен қатар ол индексті өзгерту арқылы қарап отырған жазбалардың ретін өзгертуге болады, мұнан индекстер өзгереді, яғни жазбаларға сілтеме реті өзгереді [10].

Индекстер 1-ші ретті немесе 2-ші ретті болуы мүмкін. Мысалы, 1-ші ретті индекстерге мәліметтер қорының кілт ретінде құрылған алаң болуы мүмкін, ал 2-ші ретті кілттер басқа алаңдардан құруға болады, я болмаса онымен артынан жұмыс істеу барысында құрып алуға болады. Егер бірнеше алаң индекстелген болса, онда реттеу алғашқы құрылған индекс алаңынан басталады. Мәліметтер қоры көптеген кестелерден тұруы мүмкін. Қолданбалы программалар бөлек кестелермен жұмыс жасамайды. Олар кестелер жиынтығымен жұмыс жасайды. Көбінде бір кесте ең басты кесте болады да, ал қалғандары бағынышты болады. Басты және көмекші кестелер кілт арқылы байланысуы мүмкін, кілт ретінде екі кестеде де бар бірдей алаң болады.

Мәліметтер қоры қолданатын программалар, өзінің кемшілігі және артықшылығы бар бір архитектураға ие болады.

Жергілікті архитектура. Программада мәліметтер қорында бір компьютерде орналасады, сонымен қатар мұнда көптеген қолданбалы программалар жұмыс істейді.

Файл-сервер архитектурасы. Мәліметтер қоры күшті компьютерде, серверде орналасады, ал қолданбалы компьютерлер локальді желі арқылы қосылған. Бұл компьютерде клиент программалары орнатылған. Олар мәліметтер қорымен желі арқылы байланысқан. Мұндай архитектураның артықшылығы - мәліметтер қорымен бірнеше қолданушы жұмыс істей алады, кемшілігі – желімен көп мәліметтер беріледі. Барлық өңдеулер клиент орнында өңделді. Онда мәліметтер қорының көшірмесі құрылады, бұл қолданушының максималды санын шектеуге әкеледі және мәліметтер қорымен жұмыс істегенде көп уақыт кетуге әкеп соғады. Бұл кешіктірулер белгілі кестемен бір мезгілде жұмыс істеу мүмкіндігі жоқтығында. Клиент программалары осы көптеген жұмысты тоқтатпайынша бұл кестемен басқа қолданушылар жұмыс жасамайды. Бұл кесте деңгейіндегі блоктау деп аталады.

Клиент-серверлік архитектура қашықты мәліметтер қоры желінің компьютер-серверінде орналасады, ал осы мәліметтер қорымен жұмыс атқаратын қосымша қолданушы компьютерінде орналасады.

Барлық сұраныстарды өңдеу үрдістері қашықты серверде орындалады. Осындай архитектура келесі ерекшеліктерге ие:

– желіде тек керекті ақпараттар айналымы жүргендіктен, желіде жүктеме баяулайды;

– серверде орналасқан барлық клиенттердің сұраныстарының өңделуі бір бағдарламаның орындалуымен байланысты ақпараттардың қауіпсіздігі артады. Сервер барлық қолданушыларға ортақ мәліметтер қорын қолданудың ережелерін орнатады.


«Клиент-сервер» архитектурасын жүзеге асыру үшін әдетте, көпқолданушы мәліметтер қорын басқару жүйесі қолданылады, мысалы,

Oracle, Microsoft SQL Server. Көптеген қолданушылардан тұратын кәсіпорындар мен ұйымдар ақпараттық жүйелерін құруға мүмкіндік беретін кейбір МҚБЖ-ін өнеркәсіптік деп те айтады.

Егер ақпараттық жүйе сервер мен мәліметтер қорының клиенті бола тұрып бірыңғай емес бөліктерге бөлінетін болса, онда «клиент-сервер» архитектурасын қолданамыз (2.4-сурет). Компьютер-сервер клиенттен бөлек орналасқандықтан, оны қашықты сервер деп те айтады.

Клиент мәліметтерді алу үшін мәліметтер қоры орналасқан қашықты серверге сұраныстар жібереді және қалыптастырады. Сұраныс мәліметтердің реляциялық моделдерін қолдануда серверге қатынаудың стандартты құралы болып табылатын SQL тілінде қалыптасады.

Сұраныс алынғаннан кейін қашықты сервер оны қашықты мәліметтер қорын басқаратын, сұраныстың орындалуын және оның нәтижесін клиентке беруді қамтамасыз ететін арнайы бағдарламаға — SQL-серверге (мәліметтер қоры серверіне) жібереді [11].




2.4-сурет – Клиент-сервер архитектурасы

Үшсатылы «клиент-сервер» архитектурасының негізгі ерекшеліктері төмендегідей:

- серверді қосымшалар серверіне тасымалданған операциялар бөлігін орындауынан босату;
- артық кодтан арылты арқылы клиентті қосымшалардың өлшемін кішірейту;
- барлық клиенттерді бірқатарда жүргізу.

Бөлшектелген архитектура. Желіде бірнеше сервер жұмыс істейді. Мәліметтер қоры кестелері өзара бөлінген, әрбір серверде мәліметтер қорын басқару жүйесінің өз қосымшалары болады. Программа сервері деп аталатын

программасы бар арнайы программалар қолданылады, олар сұранымдарды оптимизациялауға мүмкіндік береді және желідегі компьютерге күш түсіруді өзара бөліп береді. Егерде берілгендермен интенсивті түрде есептеу керек болса, онда басқа күшті желі компьютерде автоматты түрде іске қосылуына болады, мұны компоненттер деп атайды. Бұл клиенттерге күш түсіруді азайтады, мұндай архитектура- компоненті архитектура деп аталады. Архитектураның кемшілігі серверлік компоненттерде жоғары қойылуында және құру процесінің қымбаттылығы мен қиындығынд. Өнеркәсіптік МҚБЖ күрделі жүйелер болып келеді және олар қуатты есептеу техникаларын талап етеді. Сипатталған архитектура екісатылы болып келеді - клиент-қосымшасы және мәліметтер қоры сервері. Сонымен қатар, клиенттік қосымшаны мықты клиент деп атайды. Осындай архитектуралардың дамуы «клиент-сервердің» үшсатылы нұсқасының шығуына себепкер болды, клиент-қосымшасы, қосымша сервері және мәліметтер қоры сервері (2.5-сурет).



2.5-сурет – Үшсатылы «клиент-сервер» архитектурасы

Интернет архитектурасы. Мәліметтер қорына кіру (бір компьютерде немесе желіде орналасқан) стандартты протокол бойынша браузердің көмегімен іске асырылады. Бұл клиент программасына минимум талап қойылады. Мұндай программаларды «Әлсіз клиент» деп атайды, өйткені олар 80386 процессірі бар дербес компьютерде де жұмыс істей алады. Барлық

интерфейстер мен протоколдардың интерфейспен қатынасы стандартталуына байланысты мұндай жүйелерді құру және тарату жеңіл болады. Мысалы, жергілікті желі құрмай интернетке сервер арқылы немесе интернет протоколдарын жергіліктік жүйеге қолдануға болады.

Delphi – өте үлкен, көп функционалды жүйе, жылдам қолданба құру даму ортасының келесі қадамы. Ол бағдарламалаушының тиімділігі жоғары жұмысын қамтамасыз ететін күрделі механизм.


Олар Visual Basic-те табылған көптеген ақауларды түзейді. Құрушылар алғаш қарағанда Delphi Visual Basic ортасына ұқсайтын құрал құрды, шынында да ол жақсырақ байқалады.

Delphi Object Pascal тілінде негізделген Borland фирмасының Паскаль үйірінің тілдер компиляторлары ең жылдам компиляторлардың бірі болды. Қазіргі уақытта Object Pascal – бұл объектілі-бағытталған жақсы компилятор түріндегі берік тіреулі тілдердің бірі. Delphi 7 ең маңызды терезелері 2.6 суретте көрсетілген. Негізгі терезе (ол Delphi 7 — Project тақырыбына ие), форма терезесі (Form 1 тақырыбы), объектілер инспекторы терезесі (Object Inspector) және бағдарлама коды терезесі (Unit1.pas). Код терезесінің сол жағында код терезесінде барлық жарияланғандардың құрылымын көруге болатын көмекші браузер терезесі орналасқан. 1-негізгі терезе; 2-форма терезесі; 3-бағдарлама код терезесі; 4-объектілер инспекторы терезесі; 5-браузерлер терезесі.

Delphi – тез дамымалы жүйе. Оның жаңа нұсқалары жыл сайын шығуда. Бірінші Delphi 1.0 нұсқасы 1995 жылы ақпанда шыққан. Бізге белгілі қазіргі ең соңғы нұсқасы Delphi 8.0. Оның әрқайсысының өзіндік мүмкіндіктері жоғары.

Бірінші нұсқасы әлі Windows 95 шықпаған кезде жарық көрді, бірақ ол кезде Windows NT бар болатын. Бұл – Windows 3.1 16 разрядты басқарумен жұмыс істейтін тек жалғыз нұсқа. Бұл нұсқаның көмегімен өзіне әртүрлі компьютерлерді қосатын желемен жұмыс істеуге болады.

Бірінші нұсқаның компоненттері кітапханасы сонау бастан мәліметтер қоры бағдарламалау жүйесін құруға бағытталған. Осы мақсатпен бірінші және барлық одан кейінгі Delphi-дің нұсқалары BDE (Borland Database Engine – Borland корпорациясының мәліметтер қоры машинасы) – мәліметтерге қатынау үшін арнайы құралмен жабдықталған, сонымен қатар мәліметтер қоры серверімен Inter Base (бұл сервер Borland филиалы – Inter Base Software Corporation компаниясында өндірілген) және сервер конфигурацияларының сәйкес заттарымен жабдықталған. Бірінші нұсқада палитра компоненттері 9 беттен және 79 компоненттен тұрады. Ал соңғы нұсқада беттер саны 14, компоненттер саны 128 артық [12].



2.6-сурет – Delphi 7 ең маңызды терезелері

Delphi-дің екінші және одан жоғарғы нұсқалары Windows 95/98/2000/NT (Windows 32) 32 разрядты басқарылатын операциялық жүйенің жұмысына арналған.

Сапалы жаңа операциялық жүйесіне ауысқан сайын нұсқаларға да көптеген өзгертулер енгізілген:

- 16 битты символдар және олардан құрылған жолдар енгізілген;
- жолдың «қарапайым» 8 битты символды жаңа форматы енгізілді;
- Variant және Currency – жаңа мәліметтер типі енгізілді;
- Ttable таблицалы мәліметтер жиынына сүзгілеу механизмі енгізілді.

Утилитке мәліметтер қоры операцияларын жетілдіру үшін ең тиімді SQL Explorer 1.02 бағдарламасы және Data Migration Expert мәліметтерді тасымалдау бағдарламасы қосылды. Бұлармен қоса, Qreport бетінде мәліметтер қорында сақталған есептерді құру үшін жаңа компонент орналасты.

Үшінші, төртінші және бесінші нұсқада:

- компонентті қайталап қолдану үшін механизм дестесінің қолданылуы;
- код көрінісінің қайырма бойынша орналасуы, тышқан көрсеткішінің көмегімен өрісті, қасиетті және айнымаларды жөндеу режимінде оперативті көру, тағы да басқа код редакторы қасиеттерінің жақсаруы.

Жетінші нұсқада:

- динамикалық жиымдар, әдістердің артық жүктелуі және Int 64, Real 48 жаңа типтер тағы да басқа тілдегі өзгерістер;
- Drag & Dock құралды панельдің «аймақталу» технологиясы;
- мәліметтер қорының көп бөлімдік архитектураларының жақсаруы.

Delphi-дің көптеген нұсқалары бірнеше варианттарда шығарылады: Standard стандартты, Professional – кәсіби, Client/Server – клиент/сервер, Enterprise пәндік аймақта мәліметтер қорының құрылуы. Варианттар негізінен мәліметтер қорын басқару жүйесіне қатынау әртүрлі деңгейде ажыратылады. Соңғы варианттар – Client/Server және Enterprise бұндай жағдайда өте қуатты болып келеді. Компоненттер кітапханасы әртүрлі варианттарда тәжірибе жүзінде бірдей болып келеді.

Delphi-дің негізінде жылдам қолданба құру концепциясы жатқандықтан Delphi-дің көмегімен аз уақыт жұмсай отырып, Windows 95 және Windows NT үшін әртүрлі қолданбалар құруға болады.

Delphi ортасының келесі ерекшеліктеріне көңіл беруге болады:

- қолданба құрудың интегралдық ортасы (IDE–Integrated Development Environment) – бағдарламалаудың жаңа ортасында жобаны немесе жобалар тобын құруға, тестілеуге, редактірлеуге, компиляциялауға мүмкіндік береді;

- бағдарлама құрудың визуалды технологиясы – пішімге стандартты компоненттер құруды жүзеге асырады. Осының арқасында бағдарламаның сәйкес коды автоматты түрде Delphi генерирленеді. Бұндай технология құрушыны қолданушы интерфейсін қолмен құру жұмысынан босатады және бағдарламаның ішкі ұйымдастырылуы мен мәліметтерді өңдеуге көп көңіл бөлуге мүмкіндік береді;

- Two Ways Tools технологиясы – компоненттермен тиімді жұмысын жасайды. Delphi код редактор терезесінде бағдарлама коды өзгерген жағдайда сәйкесінше компоненттердің өздеріде өзгереді. Басқаша айтқанда, Delphi объектілер инспекторының көмегімен компоненттер қасиетінің өзгеруі лезде код редакторы терезесінде бейнеленеді;

- компоненттер кітапханасы қолданба құру кезінде қолдануға болатын көптеген стандартты компоненттерден тұрады. Бұнда жекелеп алғанда, Windows 95 немесе IE 4.0 стиліндегі басқару элементтері, пішім және сарапшылар үшін үлгілерден тұрады.

Мәліметтерге ену мүмкіндігінің реляциялық тәсілі жазбалар тобының амалдарына негізделген. Амалдарды орындауға SQL (Structured Query Language) құрылымдық сұраныс тілінің құралдары қолданылады. Delphi қосымшаларында BDE механизмін қолдану барысында мәліметтер жиыны ретінде SQL-сұранысты орындауды беретін Query немесе StoredProc компоненттері қолданылады. SQL құралдарын жергілікті және қашықтағы мәліметтер қорымен амалдар орындауға қолдануға болады. Программалаудың процедуралық тілінен айырмашылығы: есептеу процестерін басқару инструкциясы (циклдер, тармақталу, басқа операторға өту) және енгізу, шығару құралдары жоқ. Microsoft Access, Visual FoxPro немесе Paradox

сияқты МҚБЖ, SQL-де сұраныстарды программалаумен байланысты әрекеттерді өздері орындайды, мысалы Query By Example (QBE) – үлгі бойынша сұраныс, пайдаланушыға сұранысты визуальды құру құралдарын білдіреді. SQL программалау тілінің толық функционалдық мүмкіндіктерін қамтымағанмен, программаны жасау құралына қосады және Delphi жүйесіне ендірілген. Сонымен қатар, SQL командаларымен жұмыс істеу үшін сәйкес құралдар және компоненттер бар [13].

Delphi-де мұндай компоненттерге Query, SQLQuery және ADOQuery мәліметтер жиыны жатады. SQL тілінің функциялары:

Статистикалық функциялар:

- AVG() – орташа мән;
- MAX() – ең үлкен мән;
- MIN() – ең кіші мән;
- SUM() – қосынды;
- COUNT() – мәндердің саны;
- COUNT(*) – нөлдік емес мәндердің саны.

Жұмыс істеуге арналған функциялар:

- UPPER(Str) – Str символдық жолды жоғарғы регистрге айыстыру;
- LOWER(Str) – Str символдық жолды төменгі регистрге айыстыру;
- TRIM(Str) – Str жолының бастапқы және соңғы бос орындарын өшіру;
- SUBSTR (Str FROM TO) – Str жолынан, өзі символдардан тұратын, n1 жолынан бастап, n2 жолымен аяқталатын ішкі жолды бөліп алу;
- CAST(<Expression> AS <Type>) – Expression өрнегін Type типіне келтіру.

Мерзімі және уақытпен жұмыс істейтін функция:

- EXTRACT (<Элемент> FROM <Өрнек>) -мерзімі және уақыт мәндерінен тұратын өрнектен, сәйкес көрсетілген элементтен мәндер алу, дата және уақыт элементі ретінде YEAR, MONTH, MINUTE және SECOND элементтерін көрсетуге болады .

Кестелермен келесі амалдарды орындауға болады:

- жаңа кесте құру;
- кестені өшіру;
- кесте өрістерінің құрамын өзгерту.

Бұл әрекеттер SQL тілінің инструкцияларының көмегімен орындалады.

Кестені құру және өшіру.Кестені құру үшін CREATE TABLE инструкциясы қолданылады:

```
CREATE TABLE <Кесте аты>
(<Өріс аты> <мәлімет типі>
...
<Өріс аты> <мәлімет типі>);
```

Файлдың кеңейтілуі бойынша кестенің форматы автоматты түрде, яғни db Paradox кестесі үшін, dbf dBase кестесі үшін анықталады. Кесте файлы МҚ псевдонимі көрсетілген, МҚ каталогында орналастыру керек.

SQL тілінің мәліметтер типі және сәйкес Paradox-тың мәліметтер типтері келесі 2.1 кестеде көрсетілген.

SELECT инструкциясын қарастыруда SQL-сұранысы Query компонентінің көмегімен терілген және орындалған деп ұйғарылады. Бұл жағдайда сұраныс орындалуының нәтижесі мәліметтер қорының осы компонентіне сәйкес болып табылады. Мұндай мәліметтер қорының нәтижесінде қайталанатын жазбалардың (яғни барлық өрістердің бірдей мәндері болуы) болуы және болмауы мүмкін. Бұл режиммен DISTINCT сипаттауышы басқарады, егер ол болмаса, онда мәліметтер жиынында қайталанатын жазбалар бола алады.

2.1-кесте – SQL тілінің мәліметтер типі және сәйкес Paradox-тын мәліметтер типтері

SQL	Paradox
SMALLINT	Short
INTEGER	Long Integer
DECIMAL	BCD
NUMERIC	Number
FLOAT(X,Y)	Float(x,y)
CHARACTER(n)	Alpha
VARCHAR(n)	Alpha
DATE	Date
BOOLEAN	Logical
BLOB(n,1)	Memo
BLOB(n,2)	Binary
BLOB(n,3)	Formatted memo
BLOB(n,4)	OLE
BLOB(n,5)	Graphic
TIME	Time
TIMESTAMP	Timestamp
MONEY	Autoincrement
BYTES(n)	Bytes

SELECT инструкциясы өрістер тізімі және FROM операндысынан міндетті түрде тұрады, ал басқа операндылар болмауы да мүмкін болады.

WHERE операндысына мәліметтер жиынының нәтижесін таңдау шарты (критерий) жазылады. Таңдау шарты сипатталатын өрнек логикалық болып табылады, оның элементтері өрістер аттары, салыстыру амалдары, арифметикалық және логикалық амалдар, жақшалар, LIKE, NULL және басқа арнайы функциялар болуы мүмкін.

ORDER BY операндысы мәліметтер жиынының нәтижесінде жазбаларды сұрыптау ретін анықтайтын өрістер тізімінен тұрады. Келісім бойынша әрбір өріс бойынша мәндерінің өсу ретімен орындалады. Егер өрістерді кему реті бойынша сұрыптау керек болса, онда осы өрістің атынан соң DESC сипаттауышы көрсетіледі.

GROUP BY мәліметтер жиынының нәтижесінде жазба тобын бөліп алуға арналған. Топты бөліп алу жазбалармен орындалатын топтық амалдарды орындау үшін керек болады. Мысалы, қоймадағы қандай да бір тауарлардың санын анықтағанға қолданылады.

HAVING операндысы GROUP BY операндысымен бірге қолданылады және топтардың ішіндегі жазбаларды таңдап алу үшін пайдаланылады.

SELECT инструкциясы күрделі құрылымнан тұруы және бірінің ішіне бірі орналасуы мүмкін. Инструкцияларды біріктіру UNION операндысы пайдаланылады. Мәліметтер жиынының нәтижесі екі инструкцияның WHERE операндысында берілген таңдау шарты орындалу барысында таңдалған жазбалардан тұрады.

Сонымен қатар, SELECT инструкциясы басқа инструкцияның ішінде қолданылады, мысалы, жазбаларды модификациялау инструкциясында және оларды орындау үшін жазбаларды таңдауды қажет етуді қамтамасыз етеді:

- кестеден барлық жазбаларды таңдау;
- SELECT * FROM keste1.db;
- бұл сұраныстың орындалу нәтижесінде keste1 кестесінен барлық өрістер мен жазбалар мәліметтер жиынына таңдалады;
- SELECT FIO,Dolz,Shtat_sov;
- FROM keste1.db ;
- бұл SQL-сұраныстың орындалу нәтижесі keste1 кестесінің FIO, Dolzh,Shtat_sov Өрістері үшін барлық жазбалардан тұратын мәліметтер жиыны болады.

Жазбаларды таңдауда қарапайым өрнектерді пайдалануға болады.

Өрнектер өрістер атынан, функциялардан, тұрақтылардан, мәндерден, амалдар белгісінен және дөңгелек жақшадан тұрады. Мысалы:

- SELECT *;
- FROM keste1;
- WHERE Num=:Num.

Delphi 7 Windows 95, Windows 98 немесе Windows NT операциялық жүйесінің басқаруымен жұмыс істейді. Delphi 6 ерекшелігі көптеген Delphi 6-да құрылған программалар негізінен өндіріс және бизнес есептерін шешуге бағытталған. Бұл мәліметтер қорымен және есеп беру жұмыстары басты шешілу керек есептер болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай бизнеспен және өндіріспен тығыз байланысты болғандықтан қолданушылар Delphi 6-дан өздерінің есептерін шешу үшін идеал көмекші құрал тапты. Delphi 6-дің Visual Basic және C++ сияқты қолданушы интерфейсі бар. Қазіргі кезде көптеген фирмалар өз программа

интерфейсінің стандарты ретінде қабылдады. Қолданушы интерфейсін визуальды құрылатын болғандықтан Delphi ортасында программалауды тез программа құру ортасы делінеді. Программа құру барысында дайын компоненттерді, олардың қасиетін, әдістерін және алдын-ала анықталған оқиғаларды пайдалану арқылы аз ғана программа кодымен айналып өтуге болады. Программа құрушыға бұл өзінің программасының қолданушы интерфейсін құру барысында көп уақыт үнемдеуді білдіреді. BORLAND SQL LINKS FOR WINDOWS драйвері SQL-серверімен жұмыс істеуге арналған ORACLE. SYBASE. INFORMIX. INTERBASE және DB2 көбінесе тестілеу үшін қолданылатын МҚБЖ INTERBASE берілген. Басқа формадағы мәліметтер қорымен байланыс орнату үшін ODBC-драйверін пайдалану керек, сонымен Delphi арқылы кез-келген масштабтағы клиент-сервер типіндегі программалар құруға болады.

Delphi ортасында мәліметтер қорын қолдау екі жақты жүзеге асады. Біріншіден, онда мәліметтер қорымен жұмыс істеуге тағайындалған компоненттер қолданылады. Олардың көмегімен мәліметтерді өңдеу үшін қолданылатын қарапайым қолданба құруға және клиент/сервер типті қолданба құруға болады. Екіншіден, Delphi ортасында мәліметтер қорын қолдау Paradox, dBASE, Access және FoxPro жергілікті мәліметтер қорына, сондай-ақ, Inter Base SQL-серверіне, Informix, Oracle, Sybase, DB2 және Microsoft SQL-ға қатынау үшін Delphi-де интегралданған Borland мәліметтер қоры процессорының ядросына, BDE (Borland Database Engine), Borland SQL Links for Windows – SQL-серверімен байланысқан драйверлер жиынының көмегімен жүзеге асырылады.

Delphi 32-битты компиляторы орындалатын EXE-файлын генерирлейді. Осы жағдайда тек қарапайым EXE-файлын немесе DLL-кітапханасына қосылуды талап ететін күрделі қолданбаларды генерирлеу мүмкіндігі туады. Екі жағдайда да қолданбаны компиляциялау аз-маз уақыт алады.

Delphi-дің осындай мүмкіндіктерін пайдалана отырып кішігірім қолданбалы бағдарламаларды, мәліметтер қорымен бөліктелген күрделі қолданбалар құруға және тағы басқа көптеген мақсат-мүдделер үшін қолдануға болатынын көре аламыз.

Delphi-де құрылған қолданбалы бағдарламалар мәліметтер қорына қатынауды BDE (Borland Database Engine) және ADO (ActiveX Data Objects) технологиялары арқылы іске асырады. BDE мәліметтерге қатынауды қамтамасыз ететін динамикалық кітапханалар мен драйверлер жиынтығынан тұрады. Мәліметтер қорымен жұмыс жасауды жүзеге асырушы Delphi-қолданбалары орналасқан барлық компьютерлерде BDE орнатылуы керек. BDE қолданба арқылы мәліметтер қорына сұраныс жіберіп, одан соң сол сұраныс бойынша қажетті мәліметтерді алады. Жергілікті мәліметтер қорына қатынау үшін мәліметтер қоры процессоры dBase, Paradox, FoxPro мәліметтер қоры пішімдерімен және мәтіндік файлдармен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін стандартты драйверлерді қолданады.

Мәліметтер қорының кез келген қолданбасы өз құрамында немесе өз құрамынан тыс мәліметтер қорымен жұмыс жасаудағы стандартты төмен

деңгейлі операциялардың басым бөлігін атқаратын мәліметтерге қатынау механизмін қолданады. Мысал үшін кез келген мұндай қолданба мәліметтер қоры кестесін ашуда төмендегі біртекті операциялар жиынтығын орындайды:

- мәліметтер қорының орналасу орнын анықтау;
- кестені іздеу, оны ашу және қызметтік ақпаратты оқу;
- мәліметтерді сақтау пішіміне сәйкес мәліметтерді оқу және т.б.

Қолданбалы бағдарлама мен мәліметтер қорының өзара әрекеттесу тәсілдерінің бірі Delphi ортасында құрылған дәстүрлі Borland Database Engine процессорын қолдану болып табылады. Ол тек мәліметтерге қатынауға ғана емес, сонымен қатар, оларды қолданбалы бағдарламадан тыс тиімді басқаруға мүмкіндік беретін динамикалық кітапханалар мен функциялар жиынтығы [14].

Delphi ортасында BDE көмегі арқылы мәліметтер көзімен жұмыс жасау үшін BDE құрауыштар палитрасы бетінде орналасқан арнайы құрауыштар жиынтығы бар. Мәліметтер қорымен жұмыс жасау үшін бұл құрауыштар BDE мүмкіндіктерін оның функциялары мен процедураларына қатынау арқылы қолданады. BDE қатынау механизмі TBDEDataSet базалық класында инкапсуляцияланған. BDE мәліметтер қорымен өзара әрекеттесуді драйверлер көмегі арқылы іске асырады. Кең таралған жергілікті мәліметтер қорын басқару жүйесіне стандартты драйверлер жиынтығы құрылған. Мәліметтер қорының анағұрлым кең таралған серверлерімен жұмыс жасау SQL Links жүйесінің драйверлері көмегімен жүзеге асады. BDE құрамында Paradox, Dbase, FoxPro мәліметтер қорын басқару жүйелеріне және мәтіндік файлдарға қатынауды қамтамасыз ететін стандартты драйверлер бар. SQL серверлері мәліметтеріне қатынауды драйверлердің бөлек жүйесі – SQL Links қамтамасыз етеді. Олардың көмегімен Delphi-де Oracle 8, Informix, Sybase, DB2 және InterBase серверлері үшін ешбір кедергісіз қолданбалы бағдарламалар құруға болады. Мұнан басқа да, егер мәліметтер қорына арналған ODBC драйвері бар болатын болса, онда оны да қолдануға болады. Ол үшін бұл драйверді BDE-ге тіркесек жеткілікті.

BDE құрамына келесі функционалдық ішкі жүйелер кіреді:

- жүйелік ресурстар әкімшісі мәліметтерге қосу үрдісін басқарады, яғни қажет болса, керекті драйверлерді орнатады, ал жұмысты аяқтаған кезде автоматты түрде бос емес ресурстарды босатады. Сондықтан BDE тек қанша ресурс қажет болса, сонша ресурсты ғана қолданады;
- сұраныстарды өңдеу жүйесі SQL сұраныстарының орындалуын қамтамасыз етеді;
- сұрыптау жүйесі патенттелінген технология болып табылады және SQL сұраныстарымен Paradox және dBase үшін стандартты драйверлер арқылы өте жылдам іздеуді қамтамасыз етеді;
- алмасу буфері менеджері бір уақытта бірнеше драйверлер қолдануға болатын барлық драйверлерге ортақ жадының буферлік аймағын басқарады.
- бұл жүйелік ресурстарды анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді;

– жады менеджері операциялық жүйемен өзара қарым-қатынас жсайды және бөлінген жадыны тиімді қолдануды қамтамасыз етеді. Біраз жады бөліктерін алу үшін операциялық жүйеге емес, жады менеджеріне қатынау арқылы драйверлер жұмысын жылдамдатады. Жады менеджері оперативті жадының үлкен бөліктерін бөліп алып, оны драйверлер арасында олардың сұранысына байланысты бөліп береді;

– мәліметтер трансляторы түрлі типті мәліметтер қорына мәліметтер пішімін түрлендіруді қамтамасыз етеді;

– SQL генератор QBE пішімдегі сұраныстарды SQL сұраныстарына трансляциялайды;

– жадыдағы кестелер. Бұл механизм оперативті жадының өзінде кестелер құруға мүмкіндік береді. Үлкен көлемдегі мәліметтерді өңдеуді жылдамдату үшін қолданылады.

Delphi компоненттер тақтасында ADO арқылы мәліметтер қорының толыққанды қолданбаларын құруға мүмкіндік беретін компоненттер жиынынан тұратын ADO беті орналасқан.

ADO технологиясы OLE DB объектерінен ғана емес, мәліметтер мен қолданбалардың арасындағы өзара әрекеттестіктерді қамтамасыз ететін механизмдерден де тұрады. ADO жоғары деңгейлі объектілі интерфейс ұсынады. Ол OLE DB құралдарына қатынауда жоғары деңгейлі тілдерді қолданатын құрастыру-шылардың жұмысын жеңілдетеді. 1998 жылы Microsoft Visual Studio 6.0 құрамына алғаш рет енгізілген ADO 2.0 модернизацияланған нұсқасын шығарды. ADO технологиясында басқа объектілі модель жүзеге асырылған, яғни объектер саны азайған, бірақ олардың құрылымы иерархиялық түрде болды және қасиеттер, әдістер, аргументтер және оқиғалар құрамы ұлғайды.

Мұнда маңызды рольды әр түрлі типті мәліметтерды сақтау орны қолданбаларының жұмыс істеуін координациялайтын ADO провайдердері ойнайды. Мұндай архитектура объектер мен интерфейстер жиындарын әлдеқайда ашық және кең етуге мүмкіндік береді. Объектер жиыны және сәйкес провайдерлер ADO-ның бастапқы құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбестен кез келген мәліметтер сақтау орны үшін құралады. Осыған орай, мәліметтер түсінігінің өзі кеңейтіледі, өйткені дәстүрлі емес кестелік мәліметтер үшін де объектер мен интерфейстер жиынын әзірлеуге болады. Мысалы, ол геоақпараттық жүйелердің графикалық мәліметтерді, жүйелік реестрлердегі тармақ түріндегі құрылымдар, CASE-инструменттер мәліметтері және т.б. бола алады.

ADO технологиясы Windows жүйелік механизмдері болып табылатын COM стандартты механизмдеріне негізделгендіктен, бұл жұмыс істеп тұрған бағдарламалық кодтың жалпы көлемін қысқартады және көмекші бағдарламалар мен кітапханаларсыз МҚ қолданбаларын таратуға мүмкіндік береді.

Delphi қолданбаларында Borland Database Engine және ODBC мәліметтеріне қатынаудың дәстүрлі құралдарымен бірге COM

мүмкіндіктеріне негізделген Microsoft ActiveX Data Objects (ADO) технологиясын қолдануға болады. ADO технологиясы өзінің әмбебаптылығының арқасында үлкен қолданысқа ие болды, яғни – әрбір қазіргі заманғы Microsoft операциялық жүйесінде бар OLE DB интерфейстердің базалық жиыны кең қолданыла бастады. Сондықтан мәліметтерге қатынауды қамтамасыз ету үшін ADO-мен байланысудың провайдерін дұрыс көрсету және бағдарламаны кез келген компьютерге орналастыру жеткілікті.

Delphi компоненттер тақтасында ADO арқылы мәліметтер қорының толыққанды қолданбаларын құруға мүмкіндік беретін компоненттер жиынынан тұратын ADO беті орналасқан.

2.4 Мәліметтер қорын Word - қа экспорттау мәселесі

Мәліметтер қоры алдын ала реляциялық түрде басқа қосымшаларда дайын тұрса, оны қолдану арқылы қажетті информацияны өңдеу жұмысын осы суранымдар тілі жеңілдетеді. Себебі көп фирмаларда ескі деректердің барлығы мәтін редакторында, кестелік процессорда сақтаулы болуы мүмкін, осы ескі информацияны жаңартып, көп уақытты үнемдей отырып реляциялық типті кестелерді жылдам, яғни аз уақыт ішінде мәліметтер қорына айналдыру болады.

Администрациялық есептердің компьютерлік автоматизациялау жүйесін құрумен жұмыс істей отырып, қолданушыда компьютерлік жүйелерді құру процесі ешқашан бітпейді деген ой туады. Жекелеме жағдайда отандық заң шығарудағы өзгеріс, есеп берудің жаңа формаларына өту программалық жабдықтауды жаңашаландыру процесін тұрақтандырады. Жылына бір-ақ рет қолданатын қалып пен есепті құруға бірнеше тәулік кететін жағдайлар жиі кездеседі. Сондықтан мұндай жағдайдан шығу үшін ақырғы қолданушыны SQL тілінің сұраныстарының құрылу тәсілдері мен негізгі операторларымен жұмыс істеуге дағдыландыру. Бұл кезде қажетті есеп мәліметтерін тікелей Word-та, ал қарапайым есептеулерді Excel көмегімен шығаруға болады, оның диаграммаларды құру мүмкіндіктерін атамағанда [5].

Microsoft Office контекстінде мәліметтер қорына сұраныстар құрауға арналған арнайы Microsoft Query қосымшасы бар. Бұл қосымша Word пен Excel-да қосылады, одан соң осы мәліметтерге арналған мәліметтер қорына сұраныстар құрап, сұраныстың орындалуы туралы нәтижені қайтарады. Бұдан Microsoft Query-дің Word және Excel-мен байланысы бітпейді, өйткені осы қосымшаның мәліметтер қорына кіру ядросы кейін жаңарту, ақпаратты жазу және т.б. үшін қолданылады.

Осы жүйемен көрсетілген, Education оқыту мәліметтер қорынан пәндер мен мұғалімдер туралы ақпаратты алу мысалында мүмкіндіктерін қарастырайық. Берілген материалдың мазмұнын былай құрастырамыз: алдымен Microsoft Query-да сұраныстар құру шебері бейнеленеді, одан кейін осы қосымшаның жұмыс істеу ортасы сипатталады, одан соң Microsoft Query

шеберін жүктеу және оның нәтижелерін Word пен Excel-да қалай өңдеу керек туралы ақпарат ұсынылады.

Сонымен шебер жұмысының бірінші қадамында көрсетілген тізімнен мәліметтер қорына кіру көзін көрсету қажет. Біздің жағдайымызда ол бұрын құралған біріктіру деп аталатын жүйелік DSN. Бұдан кейін жүйе берілген DSN параметрі бойынша SQL-серверіне қосуды жүзеге асырады. Экранда SQL-сервер жүйесінде қолданушының аты мен паролін көрсететін сұраныс терезесі пайда болуы керек. Егер осы терезеде параметрлер батырмасын басса, SQL-серверге қосылуды бағыттаудың қосымша қатарлары пайда болады.

Шебер жұмысының келесі қадамында таңдалған мәліметтер қорындағы барлық кестелер тізімі кескінделеді параметрлер батырмасын пайдаланып берілген терезеде көруге болатын объектілерді анықтауға болады, атап айтқанда: кестелер, көріністер, жүйелік кестелер мен синонимдер, сондай-ақ сұрыптау ретін және берілген объектінің иесін де анықтауға болады. Қарау батырмасын пайдаланып бар кестелер мен бағандар тізімінен мәліметтер таңдалатын өрістерге қарау режимін орнатуға болады. Қарау нәтижелері таңдалынған баған мәліметтер тізімінде көрсетіледі.

Берілген сұхбат көмегімен PREDMET кестесін анықтап және батырмасын кестенің әрбір өрісі үшін пайдаланып, оларды Сұраным бағандары тізіміне орнын ауыстыру керек.

Батырма және батырмаларын пайдалану баған тізімінен таңдалып алынған өрістерді қайтадан бар кестелер мен бағандар тізіміне қайтадан ауыстыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ батырмаларын пайдаланып сұраныстар нәтижелерінді өрістердің ретін өзгертуге болады.

Шебер жұмысының келесі қадамында ақпаратты таңдау шартын анықтайды. Мұнда таңдау бағандары тізімінен шарт құрылатын өрісті таңдайды, сол жақтағы тек жазуларды ғана шығару ашылмалы тізімнен шартты анықтайды; тең, тең емес, үлкен, кіші және т.б., содан кейін оң жақ ашылмалы тізімнен ақпаратты таңдау шартына қатысатын берілген өрістің мәнін таңдаймыз. Мұндай шарттар бірнеше болуы мүмкін, сондай-ақ олардың логикалық өзара әсерін де анықтауға болады: және, немесе. Біздің мысалымызда шебердің бұл қадамында ешқандай шарт қоймай өтіп кетеміз.

Шебердің келесі сұрыптау параметрлері анықталады. Реттеу бойынша аймағында мәні бойынша сұрыптау жүргізілетін өріс таңдалады, бұдан соң сұрыптау ретін орнату керек: өсу бойынша немесе кему бойынша. Сұрыптау жүргізілетін өрістер бірнеше болуы мүмкін, бірақ бұл жағдайда өрістердің анықталу ретіне байланысты сұрыпталудың енгізілу деңгейін де ескеру қажет. Басқаша айтқанда егер Тегі, Аты және Жөні өрістері болып, және осы ретпен сұрыптау орнатылса, онда бірдей фамилиялар табылса, келесі сұрыптау аты бойынша, ал аты да сәйкес келсе, сұрыптау әкесінің аты бойынша жүреді.

Шебер жұмысының соңғы қадамында жүйе құрылған сұраныспен орындалатын әрекеттерді сұрайды. Егер мәліметтер қорының бір ғана объектісі туралы ақпарат керек болса, онда бұл жағдайда шебер қосылған ортаға өтуге болады, мысалы Вернуть данные Microsoft Excel. Басқа жағынан,

қосымша кесте, біріктіру немесе SQL тілінің командаларын орындау үшін Microsoft Query –да сәйкес таңдау жасап Microsoft қосымшасын шақырады.

Сонымен жүргізілген нәтижесі сұраныс параметрін жұқа бағыттау үшін Microsoft Query қосымшасын шақыруы болуы керек. Сұхбаттың сыртқы бейнесі SQL Server Enterprise Manager утилитасының сұхбат терезесін еске түсіреді. Бұл терезенің диаграммалар облысында кестелердің графикалық көрінісі, ал нәтижелер облысында сұраныс жұмыстарының нәтижелері көрсетілген. Бұл мысалда сұраныс нәтижесіне TEACHERS кестесін қосу үшін таблица мәзірінен командасын орындау қажет, содан кейін экранға осы мәліметтер қорының барлық кіруге болатын кестелерінің тізімі бар сұхбат терезесі шығарылады. Қосу батырмасы тізімнен таңдалған кестені сұраныс нәтижесіне қосу үшін, ал жабу батырмасы берілген сұхбатты жабу үшін қолданылады.

Кесте қосылғаннан кейін оның графикалық бейнесі терезенің диаграммалар облысында пайда болады. Келесі кезең таңдалған кестелер арасында байланысты бағыттау болады. Ол үшін кесте мәзірінен біріктіру командасын таңдау қажет, сонда экранға кестелер арасында байланысты бағыттау сұхбат терезесі шығады. Мұнда солға және оңға ашылатын тізімдерде байланыс өрістері, ал Оператор тізімінде шарттаа қолданылатын логикалық оператор таңдалады. Біздің жағдайымызда мұғалімнің табель номері бар мазмұнды екі кестені өріс бойынша байланыстыру қажет, яғни біріктіру шарты келесідей: `PREDMET.TNUM=TEACHERS.TNUM`. Объединение включает облысында біріктіру шартын анықтағанда біріктірудің әртүрлі варианттары бейнеленеді. Қосу батырмасын пайдаланып біріктіруді сұранысқа қосуға болады, оның дәлелі біріктіру тізімінде пайда болған SQL команда–сұраныс предикаты.

Қойылған есепті шешудің келесі кезеңі TEACHERS кестесінен TFAM, TИМА және TOTCH өрістерін сұраныс нәтижесіне қосу. Ол үшін жазба мәзірінен бағананы қосу командасын орындау қажет, сонда экранда сәйкес сұхбат терезесі шығады. Осы сұхбаттың өріс ашылатын тізімнен қажет өрістер таңдалады, оны қосу қосу батырмасының көмегімен жүзеге асырылады. Мұнда сондай-ақ топпен ашылатын тізімді пайдаланып таңдалған өріспен топтық операцияларды да анықтауға болады. Сұхбатты жабу үшін жабу батырмасын қолданады.

Нәтижесінде Microsoft Query утилитасының сұхбат терезесі диаграммалар облысында кестелер арасындағы байланысты бейнелейді, және де қолданушыға тұжырымдалған сұраныстың нәтижелерін көрсетеді. Берілген утилитаның Вид мәзірінен Запрос SQL командасын пайдаланып утилитамен тұжырымдалған сұраныстың SQL командасын карап және редактілеуге болады. Біздің мысалымыз үшін ол келесі түрде болады:

```
Select Predmet.Pnum, Predmet.Pname, Predmet.Tnum, Predmet.Hours, Predmet.Cours, Teachers.Tfam, Teachers.Tima, Teachers.Totch From {OJ education.dbo.Predmet Predmet Left Outer Join education.dbo.Teachers Teachers On Predmet.Tnum=Teachers.Tnum} Order by Predmred.Pnum
```

Утилитадан шығу үшін Файл мәзірінен утилита шақырылған жүйеге қайту командасын таңдайды, мысалы Microsoft Excel-дегі қайтару. Сондай-ақ осы мәзір командаларының көмегімен құрылған сұраныстарды сақтауға немесе жазылғандарын падалануға болады.

Сонымен мұнда Microsoft Query утилитасы көмегімен сұраным құру процесі сипатталды. Енді осы утилит мүмкіндіктерін Microsoft Word және Microsoft Excel жүйелерімен байланыстыруды қарастырамыз. Сондай-ақ бұл бөлімдегі бағыттаулар Microsoft Office 2000 үшін іске асырылатынын ескерген жөн, яғни көп таралған бұл жүйенің алдыңғы версияларында кейбір сәйкессіздіктер болуы мүмкін. Мысалы кейбір версияларында ағылшын тілдік Microsoft Query утилитасы қолданылған.

Microsoft Word жүйесінде мәліметтер қорымен жұмыс істеу үшін сәйкес құралдар тақтасы қолданылады. Оның бейнеленуі үшін көру мәзірінен құрал-саймандар командасын таңдайды. Қосу батырмасын пайдаланып, экранға сәйкес сұхбат терезесі шығарылады, онда барлығын алу батырмасын таңдайды, сонда мәліметтер қорының файлдарын таңдайтын сұхбат терезесі ашылады. Осы сұхбаттың төмегі бөлігінде MS Query... батырмасы орналасқан, оны таңдау Microsoft Query утилитасының мәліметтер қорына сұраныс тұжырымдау шеберін қосуды жүзеге асырады, оның қолданылуы жоғарыда сипатталған.

Мәліметтер қорынан ақпаратты қосу терезесінде Microsoft Query-де сұраныс параметрлерін орнатқан соң, келесі әрекеттерді орындауға болады:

Microsoft Query-да құрылған сұранысты редактілеуге қайту;

Microsoft Word-та бар кестенің сыртқы бейнесін өңдеу шаблондарының бірін орнату;

Microsoft Query көмегімен сұранысты құру кезінде алынған берілгендерді Microsoft Word жүйесіне қосу.

Қою батырмасын пайдаланғанда, экранда сұхбат терезесі көрінеді, оның көмегімен кестеге сұраныстан жазулардың бәрін қосуды немесе C:_ дан:_ түрінде номерін көрсетіп, тізімін анықтауға болады.

Жүргізілген әрекеттер нәтижесінде Microsoft Word бетінде құрылған сұраныс мәліметтерімен кесте орналасады.

Енді мәліметтер қоры құралдар тақтасында орналасқан батырма көмегімен кесте жазуларын қосып және жоюға болады, және де Батырма батырмасымен ақпаратты жаңартуға болады. Кестемен жұмыс істеуде сұрыптау Батырма Батырма және мәндерін іздеу батырмаларын қолдану да ыңғайлы.

Microsoft Excel жүйесінде мәліметтер қорынан ақпаратты пайдалану үшін Барлық мәзірінен ішкі сұраныс командаларын орындау қажет. Бұл әрекеттер Microsoft Query утилитасының сұраныстар құру шеберін іске қосуға әкеледі. Жасалған сұраныстар параметрлерін бағыттау нәтижесінде Microsoft Excel экранына кейінгі әрекеттерді анықтау сұхбат терезесі шығарылады.

Мұнда анықталған ақпараттар басталып орналасатын ұяшықты таңдауға болады. Ол үшін болатын бет опциясын таңдап оны анықтау қажет. Сондай-ақ

ақпаратты жаңа бетке орналастыруға болады немесе сұраныс нәтижелерінен құрама кестенің есебін құруға болады. Қасиеттер батырмасын пайдаланып қосымша параметрлер қатарын анықтауға болады.

Біздің жағдайымызда болатын бет опциясын пайдалану ұсынылады, сонда сұраныс мәліметтері, бар бетте бар шебер қосылғанға дейін таңдалған ұяшықтан басталып орналасады. Егер басқа ұяшықты таңдау қажет болса, оны бетте (парақта), берілген опцияның оң жағында орналасқан Батырма батырмасын пайдаланып көрсету керек.

Сұраныс көмегімен алынған сыртқы мәліметтермен жұмыс істеу үшін, Microsoft Excel-де сәйкес құралдар тақтасы бар, оны бейнелеу үшін көру мәзірінен құрал-саймандар командаларын таңдайды. Мұнда Батырма батырмасы көмегімен Microsoft Query утилитасы көмегімен сұраныс параметрлері редактілеуді жүзеге асыруға болады. Батырма және Батырма батырмаларын пайдалану алынған мәліметтерді жаңартуға мүмкіндік береді. Енді алынған мәліметтер бойынша Microsoft Excel жүйесінде әртүрлі есептеулер жүргізуге, диаграммалар, есептерді тұжырымдауға және т.б. болады.

WordApplication – Delphi программалау ортасын мәтіндік редактормен байланыстыру үшін қолданылды. Бұл компоненттің негізгі қасиеттері: AutoConnect=False (автоматты түрде мәтіндік редактор құжатын ашуға рұқсат жоқ), AutoQuit=False (мәтіндік редактордан автоматты түрде шығуға рұқсат жоқ), ConnectKind= ckRunningOrNew (жаңа құжат ашу программа орындалған соң іске асырылады).

TADOQuery – Delphi тілінде SQL тілін қолданып сұраныс құру үшін қолданылды. Компонент атауы q деп қысқартылып алынды, программада жазуға жеңіл болу үшін.

```
procedure Tf1.BitBtn2Click(Sender: TObject);
var i,j : integer;
    a:array[1..6] of integer;
begin
    if(q.Active=False) then
        begin
            ShowMessage('Suranis zhasalmadi!'); exit;
        end;
    a[1]:=30;
    a[2]:=120;
    a[3]:=110;
    a[4]:=90;
    a[5]:=90;
    a[6]:=90;
    Screen.Cursor := crHourGlass;
    f1.WordApplication1.Connect;
    f1.WordApplication1.Documents.Add(EmptyParam, EmptyParam,
    EmptyParam,
```

```

EmptyParam );//2
f1.WordDocument1.ConnectTo(f1.WordApplication1.ActiveDocument);
//-----
//Обязательно отключить проверки орфографии и грамматики в Word
f1.WordApplication1.Options.CheckSpellingAsYouType:=False;
f1.WordApplication1.Options.CheckGrammarAsYouType:=False;
//-----
f1.WordApplication1.ActiveWindow.View.TableGridlines := true;
f1.WordApplication1.Selection.PageSetup.LeftMargin := 40;
f1.WordDocument1.Tables.Add(f1.WordDocument1.Range,
f1.q.RecordCount + 1,
f1.q.FieldCount , EmptyParam, EmptyParam );//2
for i:=1 to f1.q.FieldCount do
f1.WordDocument1.Tables.Item(1).Cell(1,i).Range.
Text =f1.q.FieldList.Strings[i-1];
//*****
f1.q.First;
i := 1;
while not(f1.q.Eof) do begin
inc(i);
for j:=1 to f1.q.FieldCount do
f1.WordDocument1.Tables.Item(1).Cell(i,j).Range.
Text := f1.q.FieldByName(f1.q.FieldList.Strings[j-1]).AsString;
f1.q.Next;
end;
f1.WordApplication1.Selection.WholeStory;
f1.WordApplication1.Selection.Font.Size := 14;
f1.WordApplication1.Selection.Font.Name := 'Times New Roman';
f1.WordApplication1.Visible := true;
Screen.Cursor := crDefault;
end;

```

Офистік программалардағы деректерді Delphi тіліне импорттау сервистік қызметтердің көсегімен жеңілдетілген болғандықтан – біз бұл проблемаға программа қарастырмадық. Мысалы: электрондық кестеде, немесе мәтін редакторында берілген кестелік деректерді Microsoft Access деректер базасына импорттау сервистік қызметі бар. Оны қолдану үшін Microsoft Access-тің жоғарғы мәзіріндегі Сервис бөлігіндегі көрсетілген командалардың қажетін таңдау керек. Офистік программалардан деректерді Microsoft Access-ке шақырғанға дейін, сол деректер кесте түрінде, және сөздердің арасы белгілі бір тыныс белгілермен ажыратылуы, tab пернесін басу арқылы ажырату ережелері сақталынуы керек.

2.5 “Клиент-сервер” архитектурасы

Мәліметтер қорының орналасу орнына және мәліметтер қорын басқару жүйесінің көмегімен өңдеу әдістеріне байланысты, мәліметтер қорын басқару жүйесі екі типке бөлінеді: жергілікті (локальный) және тұтынушы-сервер (клиент-сервер).

Жергілікті (локальный) архитектурада мәліметтер қоры және мәліметтер қорын пайдаланушы қосымша бір жерде орналасады. Бірақ мәліметтер қорына қатынау, өзара желі бойынша жалғанған басқа компьютерлердегі қосымшаларға қажет болған жағдайда келесі әдіс қолданылады. Мәліметтер қорының файлдары желідегі барлық компьютерлердің қатынау мүмкіндігі бар серверлік файлдарда орналасады. Желі бойынша жалғанған әртүрлі компьютерлердегі қосымшалар бір уақытта серверлік файлдарға жүгіне алады. Бұл жағдайда сұранысқа сәйкес мәліметтер кестесі пайдаланушының компьютеріне көшіріліп, ары қарай өңдеуге дайын тұрады.

МҚБЖ-нің тұтынушы-сервер (клиент-сервер) архитектурасында мәліметтерді өңдеудің және МҚ-ның сәйкестігін сақтау ауыртпалықтары толығымен қосымшаға түседі. Ал сервердегі МҚ тек қана басым мәліметтер көзі болып келеді.

Мұндай архитектураның бір қатар кемшіліктері бар: желілік трафиктің үлкен көлемі желінің аса жүктелуіне әкеледі. МҚ-на қатынауды қадағалаудың және МҚ қорғаудың орталықтандырылмағандығы практика жүзінде, бір уақытта желімен жалғанған тек 5 немесе 8 қосымшаның қатынауына мүмкіндік бере алады.

“Клиент-сервер” архитектурасы МҚ сервері және клиенттік қосымша функцияларын жіктеу есебінен тұтынушы-сервер (клиент-сервер) архитектурасының кемшіліктерін дұрыстауға мүмкіндік береді.

Мәліметтердің бүтінділігін қамтамасыз етуді, МҚ-на қатынауды қадағалауды және клиенттер сұранысының өңделуіне серверлік МҚБЖ жауап береді. Басқа компьютерде орналасқан клиенттік қосымшадан, желі арқылы мәліметтерге жүргізілетін іс-әрекеттердің орындалуын қалыптастыратын бұйрықтар беріледі. Серверлік МҚБЖ бұл бұйрықты қабылдап өз компьютерінде орындайды. Клиенттік қосымшаға тек орындалған бұйрықтың нәтижесі ғана қайтып оралады.

Көп жіктік тұтынушы-сервер (клиент-сервер) архитектурасы. Тұтынушы-сервер (клиент-сервер) архитектуралық идеясын жетілдіру көп жіктік архитектураның пайда болуына алып келді.

Delphi ортасының мәліметтер қорының тұтынушы-сервер (клиент-сервер) архитектурасының жазылу коды келесі түрде бейнелінеді:

```
SELECT а. аты // ‘ ’// а тегі AS аты-жөні  
А қала // ‘ ’// а көше // ‘ ’// үй AS мекен-жай  
С жыл, С бағасы  
FROM мекен-жай а, есептеу
```

WHERE с тапсырушы = а тапсырушы

AND жыл < қосымша информация >

AND с қабылданды IS NULL

Тұтынушы-сервер (клиент-сервер) архитектурасы екі жіктік болып келеді. Келесі мысалды қарастырайық. Айталық серверлік МҚБЖ-мен бір уақытта, түрлі континенттерде орналасқан және МҚБЖ-мен Интернет арқылы байланысқан жүздеген қосымшалар жұмыс жасасын. Мұндай жалпыланған ортаға қызмет көрсету үшін, барлық компьютерлерге МҚ-мен жұмыс жасайтын қосымшалар мен кем дегенде BDE қою үшін көптеген қаржы қажет. Осының бәрін жасау, территориялық таралуға байланысты, өте қиын.

Бұл проблеманы шешу үшін үш жіктік архитектура конценциясы олап табылды. Мұндай архитектурада клиент пен МБ серверінің арасында серверлік қосымшалар орналасады. Оның мақсаты МБ-мен жұмыс жасайтын қосымшаның барлық бизнес – логикасын орындау. Тек осы компьютерге ғана BDE қондырылған. Ал клиенттік компьютерлерге қосымшаларды қондырудың қажеті жоқ.

Клиент Интернет браузерді пайдалана отырып, сервер қосымшаға белгілі бір бизнес-ережелерге сәйкес операцияларды орындауға нұсқаулар береді. Сервер қосымша бизнес-ережеге байланысты барлық бұйрықтарды орындап, мәліметтер өңдеушісін МҚ серверінен сұрап, нәтижесін клиентке қайтарады. Нәтиже клиент браузерінен көрініс табады.

Нәтижелері әртүрлі ұйымдар әзірлеушілері тұрғызуда, көп көңіл бөлетіні мәліметтер базасының құрылғыларын шақыру қосымшасы болып табылады. Олардың көмегімен мұндай қосымшаларды құруға болады. Оларға қойылатын талаптар жалпы түрде былай беріледі: «Тезділік, қарапайымдылық, әсерлік, беріктік» үлкен әртүрлі өнімдердің арасынан Delphi қосымшасын әзірлеуде алдағы орындарды алады. Delphi – ді әртүрлі дәрежедегі, кәсіби ұызығушылықтары бар әзірлеушілер қалайды.

Delphi-ң көмегімен үлкен көлемдегі қосымшалар жазылған, ондаған фирмалармен мыңдаған программистер Delphi үшін қосымша компоненттер ойар шығарылған.

Мұндай жалпы аттаққа ие болу негізінде Delphi-ден басқа бағдарламалаудың ешбір жүйесі жоғарыда йтылған талаптарды қанағаттандырмаған жөніндегі дәлел жатыр. Шыныменде, Delphi-дің интерактивтік ортасының ара қатынасы ішкі қайшылықтарды туғызбайды. Керісінше жайлылықты сезінуге болады. Егер әзірлеуші берілген ережелерді сақтаса Delphi қосымшалрыда ыңғайлы.

Бұл қосымшалар тасмалдауда өте қарапайым және берік. Delphi пакеті Borland корпарациясының шығарған Pascal тілінің компиляцияланған жүйесінің жалғасы. Pascal тіл ретінде өте қарапайым. Ал, мәліметтер типін қатал бақылау кателерді ерте табуға берік және ыңайлы программаларды тез құруға мүмкіндік береді. Borland корпорациясы тілді әрдайым байытып отырады. Бұрын 4.0 нұсқасында бөлек трансляциалану құралдары қосылған

болған. Кейінен 5.5 нұсқасынан бастап объектілер пайда болды. Ал, 6 нұсқа пакетінің құрлымына Turbo Vision- ң толық кәтапхана кластары кірді. Ол видеоадаптор жұмысының мәтіндік режимінде терезелік жүйені іске қосты. Бұл программаны өңдеудегі интеграцияланған ортасы бар ең алғашқы өнім болып есептеледі [15].

Delphi қолданушысының жұмыс істейтін тілі алдыңғыға қарағанда тек жаға ұйымдардың көптігімен және құрылымымен ғана ерекшеленбейді. Онда минимизацияланған түсініктер мен пайдаланылатын ең қарапайым функциялар (оқуға ыңғайлы, бірақ тәжірибиеде әлі дәлелденбеген) орнына кәсіби қолданушының жұмыс жасау мүмкіндігіне көп көңіл бөлінеді. Turbo Pascal тілін оның жақын бәсекелестерімен салыстыру қандай оңай. Basic тілімен C++- тің көптеген версиялау тақырыбын айтайық.

Менің ойымша Turbo Pascal Basic-ті дамыған инкапсуляциялық механизмі бар, мұрагерлік пен полиморфизмді қосқандағы толық объектілі жағынан асып түседі. Delphi-да қолданылатын тілдің ең соңғы версиясы мүмкіндігі жағынан C++- ке жақынырақ. C++-ке қатысты негізгі механизмдердің ішіне көптік мұрагерлік кірмейді (жаңа класс тудыратын күшті механизмдерді C++ тілінде жазатын программистердің кішкене тобы ғана пайдаланылады).

Pascal тілін пайдаланудағы артықшылықтар: бір жағынан Visual Basic тен ерекшелігі болса, яғни ол аралық кодтың интерпритациясына негізделіп, ол үшін машиналық кодты генерациялайтын компиляторы бар және оның көмегімен айтарлықтай жылдам програмаларды алуға болатындығы болса, екінші жағынан C++- ке қарағанда Pascal тілінің синтаксисі өте жылдам компиляторды тұрғызуда негіз болатындығы.

2.6 SQL тілі

SQL (Structure Query Language) – сұранымдардың құрылымдық тілі. Осы тіл кестеде сақталынатын байланысқан ақпараттар жиыны болатын мәліметтердің реляциялық қорын құруға және жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Осы жағдайда әртүрлі компьютерлік ортадаларда қолдануға болатын стандартты тілді құру қажетті болды. Стандартты тіл бұйрықтардың бір жиынын білетін қолданушыға оларды ақпаратты құру, табу, өзгерту және жіберу үшін қолдануға мүмкіндік берді.

Қолданушыға қандай да бір жеке компьютерде, желілік жұмыс станцасында немесе әмбебап ЭЕМ-да жұмыс істеп отырғаны бәрі бірдей. Компьютерлік технологияға тәуелсіз болғандықтан және реляциялық МҚ-н технологиясының аумағындағы көшбасшыларының қолдауымен SQL тілі негізгі стандартты тілі болады. Сондықтан, кезкелген мәліметтер қорымен жұмыс істегісі келген адам SQL тілін білуі қажет.

SQL тілі реляциялық мәліметтер қорында мәліметтермен күрделі әрекеттер орындауға, мәліметтер қорының құрылымын анықтауға және

көпшілік қолданатын ортадағы мәліметтерге кіру құқығымен басқаруға арналған. Сондықтан, SQL тіліне құрамдық бөлімі ретінде:

- мәліметтермен күрделі әрекеттер тілі (Data Manipulation Language, DML);
 - мәліметтерді анықтау тілі (Data Definition Language, DDL);
 - мәліметтерді басқару тілі (Data Control Language, DCL)
- қарастырылған.

Бұл жеке тілдер емес, бір тілдің әртүрлі бұйрықтары. Осындай бөлу осы бұйрықтардың әртүрлі қызметтік тағайындалуы үшін жасалынған.

Мәліметтермен күрделі әрекеттер тілі DML мәліметтер қорында мәліметтермен күрделі әрекеттер орындауға қолданылады. Ол 4 негізгі бұйрықтардан тұрады:

- SELECT (таңдау);
- INSERT (енгізу);
- UPDATE (жанарту);
- DELETE (жою).

Мәліметтерді анықтау тілі DDL мәліметтер қорының құрылымы мен оның құрылымдық бөлімдерін – кестелер, индекстерін, триггерлерді және сақталынатын процедураларды құру және өзгерту үшін қолданылады. Оның негізгі бұйрықтары:

- CREATE DATABASE (мәліметтер қорын құру);
- CREATE TABLE (кестені құру);
- CREATE VIEW (виртуальды кестені құру);
- CREATE INDEX (индексті құру);
- CREATE TRIGGER (триггер құру);
- CREATE PROCEDURE (сақталынатын процедураны құру);
- ALTER DATABASE (мәліметтер құрын өзгерту);
- ALTER TABLE (кестені өзгерту);
- ALTER VIEW (виртуальды кестені өзгерту);
- ALTER INDEX (индексті өзгерту);
- ALTER TRIGGER (триггерді өзгерту);
- ALTER PROCEDURE (сақталынатын процедураны өзгерту);
- DROP DATABASE (мәліметтер қорын жою);
- DROP TABLE (кестені жою);
- DROP VIEW (виртуальды кестені жою);
- DROP INDEX (индексті жою);
- DROP TRIGGER (триггерді жою);
- DROP PROCEDURE (сақталынатын процедураны жою).

Мәліметтермен басқару тілі DCL көпқолданушы ортадағы мәліметтерге кіру құқығымен басқаруға қолданылады.

Ол 2 негізгі бұйрықтардан тұрады:

- GRANT (құқық беру);

– REVOKE (құқықты қайтарып алу).

Қолданушы интерфейстің көрінісінен SQL бұйрықтарының екі түрі бар:

– интерактивті SQL;

– кіріктірілген SQL.

Интерактивті SQL арнайы утилиттерде (WISQL немесе DBD типті) қолданылады, олар арқылы интерактивті режимінде SQL бұйрықтарын қолданып сұранымдар енгізіледі, орындалу үшін олар серверге жіберіледі және нәтижесі қажетті терезеде алынады. Кіріктірілген SQL қолданбалы пакеттерде қолданылады, олар арқылы серверге сұранымдар жіберіледі және алынған нәтижелер өнделінеді.

Мәліметтермен күрделі әрекеттер тілінің ең маңызды бұйрығы ол SELECT бұйрығы. Реляциялық мәліметтер қорының негізгі операцияларынан бастайық. Олар:

– таңдау (Restriction);

– проекция (Projection);

– жалғау (Join);

– біріктіру (Union).

Шын мәнінде SQL реляциялық типтегі мәліметтер базасымен ғана жұмыс істейді. Бірінші суретте SQL-ң жұмыс істеу сызбасы көрсетілген. Бұл сызбаға қарап есептің жүйесінде маңызды ақпараты бар мәліметтер базасын көреміз. Егер есеп жүйесі бизнес сферасына қатысты болса, онда мәліметтер базасында материалдық құндылықтар, шығарылатын өнімдер, сату көлемі және жалақы туралы ақпараттар сақталынады. Дербес компьютердің мәліметтер базасында үлкен есептеу жүйесінен алынған қол қойылған чектер туралы, мекен-жайы, телефондар туралы ақпараттар сақталынған. Мәліметтер базасын басқаратын компьютерлік бағдарлама немесе ДҚБЖ деп аталады.

Егер қолданушыға мәліметтер базасынан мәліметті алуға қажетті болса, SQL көмегімен ДҚБЖ ға сұраныс жібереді. ДҚБЖ сұранысы өндеп қажетті мәліметті тауып қолданушы жібереді. Мәліметтерді сұрау және нәтижені алу процесі мәліметтер базасына сұраныс деп аталады. Сондықтан жүйеленген сұраныс тілі деген ат осыдан пайда болған.

Бірақ, бұл атау шындыққа сәйкес келмейді. Біріншіден, қазіргі SQL қарапайым сұранымдарды туғызатын құрылғыданда үлкен, бірақ бастапқыдан тек қана сол үшін арналған болатын. SQLдің ең негізгі функциясының бір мәліметтерді оқи алатындығы болғанымен қазіргі кезде бұл тіл барлық функционалдық тілді іске асыруда ДҚБЖ- ң қолданушыға беретін мүмкіндіктерін айтайық.

Мәліметтерді ұйымдастыру. SQL қолданушыға мәліметтердің жалпы құрлысын өзгертуге және мәліметтер базасының элементтері арасындағы қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Мәліметтерді оқу. SQL қолданушыға немесе қосымшаға мәліметтер базасында бар мәліметтерді оқуға және оларды қолдануға мүмкіндік береді.

Мәліметтерді өңдеу. SQL қолданушыға немесе қосымшаға мәліметтер базасын өзгертуге, яғни жаңа мәліметтерді қосуға, сонымен қоса бұрыннан бар мәліметтерді жаңартуға немесе жоюға мүмкіндік береді.

Қатынасты басқару. SQL-дің көмегімен қолданушыға мәліметтерді оқуда және өзгертуде мүмкіндіктерін шектей отырып санкцияланған қатынастан қорғау.

Мәліметтерді бірлесе отырып қолдану. SQL қолданушылар арасында мәліметтерді бірлесе отырып пайдалануды қамтамасыз етеді. Олар бір – біріне кедерлі келтірмеу үшін параллельді түрде жұмыс істеуді.

Мәліметтердің тұтастығы. SQL мәліметтер базасының тұтастығын қамтамасыз ете отырып, келіспеген өзгертуден және жүйенің бас тартуынан қорғайды. Сондықтан SQL ДҚБЖ –мен қатынаста ең мықта тіл болып табылады.

Екіншіден, SQL – бұл COBOL, FORTRAN немес С тіліндегі толық емес компьютерлік тіл. SQL-де шарттарды тексеретін IF операторы, тасмалдауды ұйымдастыратын GOTO және циклдарды құратын DO немесе FOR операторы жоқ. SQL мәліметтер базасы тілінің астары болып табылады. Оның құрамына 30-ға жуық мәліметтер қорын басқаратын операторлар кіреді. SQL операторы базалық тәлге қосымша болады. Мысалы, COBOL, FORTRAN немесе С және мәліметтер базасына қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Онымен қоса С сияқты мұндай тілдерден SQL операторын ДҚБЖ-ға анық түрде жіберуге болады. Ол функцияларды шақыру интерфейсімен іске асады.

Қорыта келсек, SQL бұл С немес Pascal сияқты тілдермен салыстырғанда әлсіз жүйеленген тіл болып есептеледі. SQL-дің операторы ағылшын сөйлемдерін елестетеді және оператордың мәнне әсер етпейтін сөздерден тұрады. Бірақ бұл сөздер оның оқылын жеңілдетеді. SQL-де логикасы жоқ сөздер тіптен кездеспейді. Онымен қоса SQL операторларын жасамайтын арнайы ережелер тобы кездеседі. Олар дұрыс болғанымен ешқандай мәні жоқ.

Өзінің нақты аты болмаса, SQL- реляциондық мәліметтер базасымен жұмыс істейтін жалғыз стандартты тіл болып есептеледі. SQL- бұл айтарлықтай мықты және оқуға оңай тіл.

Жақын уақытта телекоммуникациялық қызметтер нарығының дамуына қойылатын есептер телефондар санының өсуін қарастырады. Сонымен қатар интернет пайдаланушылар санын ұлғайту ұсынылады. Бұлардың барлығы телефон желілерін жаңартуды қажет ететіні сөзсіз.

Ортақ қолданылатын телефондық желіні дамыту үшін қазіргі заманғы сандық коммутациялық станцияларды енгізу арқылы сыйымдылығын артыру және моральды, физикалық тозған электромеханикалық жүйедегі станцияларды ауыстыру. Ортақ қолданылатын телефондық желіні жаңарту сұрақтары бұрыннан туған және олар көбінесе коммутация желілерінің жұмыс істеу мерзімі 40 жыл болуына байланысты болған. Әрине өзгерту

процессінде шешімін табу қажет сұрақтар туады. Бірақ барлық шешімдер негізгі (телефонды шақыру) қызметті қамтамасыз ету шегінде жүргізілді.

Бүгінгі таңда жаңартуға қойылатын талаптар түбегейлі өзгертілді. Шынындада, негізгі қызмет байланыс операторларына 40 % төмен пайда алып келеді, ал Интернет сыртында дыбыстық тарату (VoIP – Voice over IP) сияқты технологиялардың пайда болуы дестелі желі көмегімен негізгі қызметті іске асыруға мүмкіндік береді.

Соңғы уақытта, іске асырылған коммутация желісін жаңартуда, біріншіден, негізгі қызмет үшін жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз ету әрекеттері белсенді жалғасуда, ол біздің көзқарасызша желіні жаңарту бойынша негізгі сұрақтардан қорларды аударады.

Ресейде дамыған операторлардың біреуінің ұйымдастыру торабын талдау көрсеткіші келесі нәтижелерді береді. 33 координатты АТС нөмер кеңістігі 16 АТС толығымен қолданылады. Әдеттегі телефон санцияларын орналастыруға арналған ғимараттарды салу принциптерін ескере отырып, координаты АТС көбінесе бір мекемеде екі- үштен орналасқан. Бұл жағдайда 15 ғимараттың біреуінде ғана бос нөмір сыйымдылығы бар. Яғни, телефон саны бойынша қойылатын есептің шешімін орындау үшін қолдануға болатын, станцияны кеңейтуге арналған бос нөмір сыйымдылығы бар.

Телефон трафигін, деректерді тарату трафигін және интеллектуалды желіні кеңінен зерттеу трафиктің осы түрлерін пайдалануын қарастыруға, сонымен қатар олардың болашақта дамуын болжау мүмкіндігін береді.

Сонымен, бүгінгі күнде деректерді тарату трафигінің үлесі жалпы трафик көлемінің бес пайыз аспайды.

Осыған байланысты, жаңа телекоммуникациялық технология үлесі 2007 ж. 17,5 пайызға дейін дейін ұлғаяды деп шамаланады. Болжамалы көрсеткіш, екі мың нөмірге сәйкес келетін, қазіргі жаңа қызметтерді баламалы көлемде қажетті кеңейту дәрежесін бағалау мүмкіндігін береді.

Бүгінгі таңда байланыс қызметтерін қолданбайтын адам табыла қоймас. Адамдар қажеттіліктері әртүрлі болатыны сөзсіз, және егер біреуіне қарапайым аналогты күре жолды қолдану арқылы кәдімгі телефонмен сөйлесу жеткілікті болса, екіншісіне, мысалы, бір уақытта Интернетте жұмыс жасау және телефонмен сөйлесу немесе бейнекоференцияға қатысуы мүмкіндігі болуы қажет.

Телекоммуникациялық компаниялар бұндай жағдайларда өздерінің нарықтағы үлесін жоғалтып алмау үшін тұтынушылар сұраныстарына тез арада әрекет етуге мәжбүр.








3 Программалық жүйені іске асыру

3.1 «Жергілікті желіге қосылған компьютерлер арасында жылдам ақпарат алмасатын бағдарламалық жүйе жасау» интерфейсі

Бағдарлама іске қосылған кезде автоматты түрде Жұмыс үстелінің (Рабочий стол) оң жақ шетіне орналасады. Бұл терезеде ауқымды желіде отырған компьютермен байланыс құру және ажырату, хабарлама жібері, терезені баптау және т.б. әрекеттер жасауға болады. Бұл терезе мынадай бөлімдерден тұрады:

- мәзір (Меню) қатары;
- құрал саймандар тақтасы;
- желідегі қолданушының атын беру қатары;
- желіде қосылып тұрған компьютерлердің тізімін анықтау бөлімі;
- қалыпты күй қатары.

Жоғарыда көрсетілген бөлімдерге жеке тоқталайық:

-  - желіде қосылған компьютерлерді іздеу;
 -  - желіде отырған қолданушыға хат-хабарлама жіберу;
 -  - желіде отырған компьютерлер тізімін тазалау;
 -  - желіде отырған қолданушының байланысын тексеру;
 -  - бағдарламаны баптау;
 -  - желіге жаңадан компьютер қосу;
-  - қолданушының атын ендіру.

BP Win – бизнес процесс. BPwin модел құру үшін арналған қолайлы құрал. Ол BPwin өзгертулерін жобалау, талдау, құжаттау үшін қолданылады. BPwin жұмыс элементтерінің жиынтығы келесі үш түрлі диаграмма түрінде беріледі:

- IDEF0 (Контексті диаграмма құру);
- IDEF3 (WorkFlow Diagram). Декомпозиция диаграммасын құру;
- DFD (DataFlow Diagram). Түйіндер диаграммасын құру.


Жергілікті желіге қосылған компьютерлер арасында жылдам ақпарат алмасатын бағдарламалық жүйесін жасау кезінде BpWin-нің екі түрлі диаграммасы түрінде қарастырамыз.

Функционалды модель қолданыстағы бизнес – процестерді сипаттауға арналған. IDEF0 методологиясы диаграммалардың иерархиялық жүйесін – жүйе фрагменттерінің бірлік сипаттарын құруды белгілейді. Алдымен жүйені тұтас және оның қоршаған ортамен іс әрекетін сипаттау жасалады (контекстік диаграмма), одан кейін функционалды декомпозиция жасалады – жүйе ішкі жүйелерге бөлінеді және әрбір ішкі жүйе бөлек сипатталады (декомпозициялар диаграммалары). Пәндік облысты талдау нәтижесінде банк операциялары жүйесінің функционалды моделі жасалды. Жобалау IDEF0 және DFD аралас методологиялары негізінде жасалды. Жүйенің контекстік диаграммасы келесі суретте көрсетілген.


IDEF0 диаграммасын жасау. Процестің диаграммалық моделін құру мақсаты модельденетін процесті қамтитын барлық процестердің қажетті және жеткілікті формалданған сипаты, сондай-ақ, олардың арасындағы өзара байланыс сипаты болып табылады. Бұндай модель зерттелетін процесті функционалдау туралы да, ондағы ақпарат пен материалдар ағымының орны туралы да толық сипатпен қамтамасыз етуге қабілетті.

Жергілікті желіге қосылған компьютерлер арасында жылдам ақпарат алмасатын бағдарламалық жүйесін құруды Вр win-нің екі түрлі диаграммасы түрінде қарастырамыз.

Контекстік диаграмма – жүйенің кіріс, шығыс, бақылау және басқару жұмыстарын айқындап (бағдаршалар арқылы) көрсетеді (Сурет-3.1).




3.1-сурет – Тұрғызылған контекстік диаграмма



3.2-сурет – Декомпозиция диаграммасы


Пәндік әдіс – МБ-ның болашақ қолданушыларының ақпараттық қажеттіліктері нақты кездеспегенде. Олар көп аспектілі және әбден динамикалық болуы мүмкін. Осы кезде құрылған МБ пәндік деп аталады, яғни ол әртүрлі алдын ала анықталмаған есептерді шешу кезінде қолданыла алады.


3.2 Бағдарламаны сипаттау

Ауқымды желіге қосылған компьютерлермен хат-хабар алмасуға мүмкіндік беретін SMSAgent бағдарламасын іске қосу  Project1.exe Приложении файлымен іске асырылады. Бұл операциядан кейін төмендегі терезе ашылады (3.3-сурет).





3.3-сурет – Бағдарламаның негізгі терезесі

 - батырмасы арқылы желіге жаңадан компьютер қосамыз (3.3-сурет). Батырма басылғанда төмендегі терезе ашылады. Егер біз іздеген қолданушы желіде отырған болса, оның тігелей IP адресін ендіріп Ok пернесін басамыз.




3.2-сурет – Желідегі компьютермен байланыс орнату

 - батырмасы көмегімен желіде отырған қолданушының компьютерімен байланысын тексеруге болады. Батырманы басқанда төмендегі терезе ашылады. Егер таңдаған компьютермен (IP адреспен) байланыс бар болса 3.4-суреттегідей болады.



3.4-сурет – Желідегі компьютермен байланыс бар


Егер байланыс болмасы, онда 3.4-суреттегідей көрністе болады




3.5-сурет – Желідегі компьютермен байланыс жоқ

Программа архитектурасы пайдаланушының кездейсоқ немесе саналы қате жағдайларында жүйе жұмысының штатты режимін бұзу мүмкіндігін минимализациялау үшін таңдауы керек (жүйенің қатардан шығуы, ақпаратты мәліметтер базасының бұзылуы, ақпараттың жоғалуы немесе бұрмалануы).

Батырмасының көмегімен желіде отырған қолданушыға хат-хабарлама жіберу терезесін шақырамыз (3.5-сурет). Бұл терезеде желіде отырған қолданушыларға хат-хабар жібере аламыз. Бұл терезенің батырмаларының атқаратын қызметтері төмендегідей:



- қаріпті өзгерту;
- қарайтылған әріпке ауыстыру;
- қисайтылған әріпке ауыстыру;
- асты сызылған әріпке ауыстыру;
- алаанның түсін өзгерту.
- алаанды тазалау яғни тексті жаңарту;
- желідегі қолданушыны ояту;
- сырттан келетін хабарламаларды қабылдамау;
- смайлик гравикалық кескінін жіберу;
- жазылған тексті жіберу.



3.6-сурет – Хат-хабарламаларды жіберу

Файл Түзету Түрі Қосымша ? - батырмасы көмегімен бағдарламаны құрған автор және бағдарлама жайлы ақпарат білуге болады (3.6-сурет).



3.7-сурет – Автор және бағдарлама жайлы ақпарат

3.3 Бағдарламаның сапалық көрсеткіші

Құжаттандыру. Программалық өніммен бірге келесі құжаттар берілуі керек:

- техникалық тапсырма;
- негізгі функциялардың түсіндірмесімен программа коды. Әрі қарай өңдеу қажеттігі және оның модификациясы туындаған кезде оны тез түсіну үшін, оның құрлымын, функциясын, процедурасын және модулін, сонымен қатар айнymалылардың тағайындалуын түсіну үшін қажет;

- программаның мысалымен қолданушыға көмектесу жүйесі. Жүйемен жұмыс бойынша қолданушыға нұсқауда жұмыс процесінде туындауы мүмкін барлық сұрақтарға жауап болуы керек. Сипаттама арнайы және мамандық бойынша терминді тілмен жазылуы керек.

Тиімділік. Осы программалық өнім кез-келген уақыттағы жіберілген мәліметті желі ішінде жылдам жеткізуді оперативтік жұмысын қамтамасыз етуі керек.

Ауқымды желіде отырған қолданушыларды тез арада тауып, олармен тез арада байланыс орнату керек. Сондай-ақ ақпаратты тиісті жіберілген мекен-жайға жеткізі керек.

Жүйеде қолданушылар тобына қатынау құқығын шектеу қаралуы керек.

Сенімділігі. Техникалық жөнделген жабдықта жұмыс шарттарында жүйе өзінің жұмыс істеу барысында операциялық жүйенің жаңылысуын, жабдықтың тұрақсыз жұмысын болдырмауы керек. Жүйені пайдаланғандағы пайда болатын техникалық және технологиялық қателер түзету мақсатымен автоматты режимде жүйенің өзімен өңделуі керек немесе пайдаланушыға хабар ретінде берілуі тиіс.

3.4 Эксплуатация ыңғайлығы және қолдану қарапайымдылығы

Программада иілгіш және интуитивтік түсінікті интерфейсі болуы керек, кең тараған интерфейсі сәйкес келесілерден тұратын программа:

- жылжымалы түсініктемесі бар және оның мәнін түсіндіретін басқару батырмалары;

- меню жүйесін ыңғайлы және қарапайым қолдану;

- программаның қадамдарын қысқаша түсіндіру;

- түсіндірме беру (Help-көмек).

Жылжымалылық. Құрылып жатқан программа дербес компьютер қолдайтын амалдармен іске асырылуы керек және пайдаланғанда қосымша техникалық амалдарды талап етпеуі керек. Программа аппаратты бөлімге оны жаңа платформаға компьютер техниканың ескірмеуіне байланысты ауыстыру байланыстыруы болмауы керек.

Үйлесімділік. Программалық өнім Windows XP SP1 және одан жоғары операциялық жүйе басқарылуымен функциялануы керек.

Оперативті жады (жедел жады (ОЗУ)) минималды 1 ГБайт болуы қажет.

Микропроцессордің тактілік жиілігі минималды 2.0 ГГц (1 ядролы).

Қатты диск (HDD) көлемі минималды 250 ГБайт.

Желілік өткізгіштің ақпараттарды тасмалдау жылдамдығы минималды 100 Мбит/сек.

Delphi 7 қолданбасын құрудың визуалды ортасы Delphi-дың ескі версияларында бұрын жазылған программалық қамтамамен жана құруды біріктіруді қамтамасыз етеді.

Сыналуы. Жоба құрудың әртүрлі статияларында көптеген тесттерден өтуі керек, сыналу программалық қамтама тестілеу этапында құрылған тесттердің көмегімен жүйенің жұмыс істеу қабілеттілігі әркүндік тексерулермен бекітілуі керек.

4. Экономикалық бөлім

4.1 Жобаның мақсаты және тапсырмасы

Дипломдық жобаның басты мақсаты – жергілікті желі ішінде хат-хабарлар алмасуға мүмкіндік беретін бағдарламалық пакетін құру болып табылады.

Ауқымды желіде отырған қолданушылар өз-ара хат-хабар алмасудың жылдам іске асыру жұмысы туралы, оның ұсынатын қызметтері туралы. Көрсетілетін қызметтердің ақысы туралы тұтынушыға керекті ақпаратты дәл уақытында жеткізу және оларды жаңалықтармен қамтамасыз ету – бұл бүгінгі таңдағы нарықтық экономикада жұмыс жасауда тек бұл компанияның ғана емес, керісінше әр түрлі компаниялар, шағын өнеркәсіп иелерінің алдында тұрған ең зор мәселенің бірі. Бұл мәселені шешу үшін баспадағы жарнама, теле және радиоэфирдегі жарнама керек етіледі. Ауқымды желілер ресурс қызметтерінде жергілікті желілер қызметтері сәйкес ыңғайлы болуда. Бұған кең тараған Internet ауқымды желісі мысал бола алады.

Жоғарыда айтылған мәселелерді жеңілдету мақсатында мекеме арасында желі аралық байланысты орнату жұмысын алуға болады. Бұл жұмыста тез арада ақпарат алмасуды жылдамдату жұмыстарын қарастырдым.

Сонымен қатар бүгінгі таңда компьютерлік дизайн, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін SMSAgent-нің жұмысы орны өзгеше. Ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін SMSAgent экономикалық жағынан тиімді, себебі оған кететін қаражат тек қана торға қосылған компьютерлермен ақпарат алмасуға және оларға мүмкіндік беретін SMSAgent бағдарламалық пакетін құру мен желіге қосудан ғана тұрады.

Ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін SMSAgent бұл дүниенің кішкентай моделі. Бұрынғы кезде мұны бір адам жасаған болса, қазіргі кезде SMSAgent-пен бірнеше адам ақпарат алмаса алады. Олар кез-келген адам, ДЭЕМ-ді пайдаланушы, программист, бизнес-кеңесші, менеджер, т.б.

ДЭЕМ пайдаланушы қазіргі кезде өзінің құпиялығын жоғалтып жатыр, ал жылдам ақпарат алмасатын технологиясы зертхана сыртына шығып көпшілікке белгілі болып жатыр.

Ауқымды желіде отырған компьютермен байланыс құру және ажырату, хабарлама жібері, терезені баптау және т.б. әрекеттер жасауға болады:

- желіде қосылған компьютерлерді іздеу;
- желіде отырған қолданушыға хат-хабарлама жіберу терезесін шақыру;
- желіде отырған компьютерлер тізімін тазалау;
- желіде отырған қолданушының компьютерімен байланысын тексеру;
- бағдарламаны баптау;
- желіге жаңадан компьютер қосу.

Программаның сапалық көрсеткіші бірнеше кезеңнен тұрады:

- құжаттандыру;
- тиімділік;
- сенімділік.

Программалық өніммен бірге келесі құжаттар берілуі керек:

- техникалық тапсырма;
- негізгі функциялардың түсіндірмесімен программа коды. Әрі қарай өңдеу қажеттігі және оның модификациясы туындаған кезде оны тез түсіну үшін, оның құрлымын, функциясын, процедурасын және модулін, сонымен қатар айнымалылардың тағайындалуын түсіну үшін қажет;
- программаның мысалымен қолдаушыға көмектесу жүйесі.

Жүйемен жұмыс бойынша қолданушыға нұсқауда жұмыс процесінде туындауы мүмкін барлық сұрақтарға жауап болуы керек. Сипаттама арнайы және мамандық бойынша терминді тілмен жазылуы керек.

Тиімділік. Осы программалық өнім кез-келген уақыттағы жіберілген мәліметті желі ішінде жылдам жеткізуді оперативтік жұмысын қамтамасыз етуі керек.

Ауқымды желіде отырған қолданушыларды тез арада тауып, олармен тез арада байланыс орнату керек. Сондай-ақ ақпаратты тиісті жіберілген мекен-жайға жеткізі керек.

Жүйеде қолданушылар тобына қатынау құқығын шектеу қаралуы керек.

Сенімділігі: Техникалық жөнделген жабдықта жұмыс шарттарында жүйе өзінің жұмыс істеу барысында операциялық жүйенің жаңылысуын, жабдықтың тұрақсыз жұмысын болдырмауы керек. Жүйені пайдаланғандағы пайда болатын техникалық және технологиялық қателер түзету мақсатымен автоматты режимде жүйенің өзімен өңделуі керек немесе пайдаланушыға хабар ретінде берілуі тиіс.

Программа архитектурасы пайдаланушының кездейсоқ немесе саналы қате жағдайларында жүйе жұмысының штатты режимін бұзу мүмкіндігін минимализациялау үшін таңдауы керек (жүйенің қатардан шығуы, ақпаратты мәліметтер базасының бұзылуы, ақпараттың жоғалуы немесе бұрмалануы).

Программада иілгіш және интуитивтік түсінікті интерфейсі болуы керек, кең тараған интерфейс сәйкес келесілерден тұратын программа:

- жылжымалы түсініктемесі бар және оның мәнін түсіндіретін басқару батырмалары;
- меню жүйесін ыңғайлы және қарапайым қолдану;
- программаның қадамдарын қысқаша түсіндіру;
- түсіндірме беру (Help-көмек).

Жылжымалылық. Құрылып жатқан программа дербес компьютер қолдайтын амалдармен іске асырылуы керек және пайдаланғанда қосымша техникалық амалдарды талап етпеуі керек. Программа аппаратты бөлімге оны жаңа платформаға компьютер техниканың ескірмеуіне байланысты ауыстыру байланыстыруы болмауы керек [16].

Үйлесімділік. Программалық өнім Windows XP SP1 және одан жоғары операциялық жүйе басқарылуымен функциялануы керек.

Оперативті жады (жедел жады (ОЗУ)) минималды 1 ГБайт болуы қажет.

